


# «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛУДОМАНИЯ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР»

БҰҚАРАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША  
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА







# **«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛУДОМАНИЯ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР»**

**БҰҚАРАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ САУАЛНАМА  
НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА**



Талдамалық баяндама «Esbol Qory» (Esirtkisiz Bolashaq) қоғамдық қорының тапсырысы бойынша бұқаралық республикалық сауалнама әдістерімен жүргізілген «Қазақстандағы лудомания феномені және оның дамуына ықпал ететін факторлар» әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижесіне сүйеніп дайындалған.

**МАЗМҰНЫ**

|                                                                           |    |
|---------------------------------------------------------------------------|----|
| КІРІСПЕ .....                                                             | 4  |
| ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ .....                                                     | 6  |
| ЛУДОМАНИЯ ТУРАЛЫ ХАБАРДАРЛЫҚ ЖӘНЕ<br>ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ..... | 9  |
| ЛУДОМАНИЯНЫҢ ТАРАЛУЫН БАҒАЛАУ .....                                       | 21 |
| ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ<br>ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ .....                   | 27 |
| ЛУДОМАНИЯНЫҢ ДАМУЫНА<br>ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР .....                      | 30 |
| КӘСІБИ КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ .....                                            | 34 |
| ЗАҢСЫЗ ҚҰМАР ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘСЕРІ .....                             | 37 |
| ТҰЖЫРЫМДАР .....                                                          | 48 |
| ҰСЫНЫМДАР .....                                                           | 50 |

## КІРІСПЕ

Бүгінде көптеген елде құмар ойындар заңдастырылып, коммерциялық туристік индустрияның бір бөлігі ретінде белсенді дамып келеді. Бұл, әсіресе, казино мен ойын автоматтары сияқты ойын-сауық түрлеріне де қатысты. Сонымен қатар спорттық іс-шараларды ұйымдастырумен байланысты ойындар, соның ішінде спорттық оқиғаларға тігіс қою (букмекерлік қызмет) айтарлықтай дамып, қоғамда кең таралып отыр.

Сарапшылардың болжамынша, құмар ойындар саласында 2028 жылға қарай әлемдік табыс 700 млрд АҚШ долларына жетуі мүмкін<sup>1</sup>. Бұл ретте смартфондардың кең таралуына байланысты табысы төмен және орта деңгейдегі елдерде айтарлықтай өсім болады деген болжам бар.

Құмар ойындар күрделі әлеуметтік мәселелерді туындатады, олардың ішінде лудомания ерекше орын алады. Лудомания – құмар ойындарға деген патологиялық әуестік, ол адам өмірінде басты орын алып, оның әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық міндеттеріне зиян келтіреді. Лудомания Халықаралық аурулар классификациясы аясында ауру ретінде танылып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бағалауы бойынша, құмар ойындарға тәуелділіктен туындаған бұзылыстан әлемдегі ересек халықтың 1,2%-ы зардап шегіп жүр. Құмар ойындар бүкіл әлемде әйелдердің шамамен 5,5%-ына және ерлердің 11,9%-ына зиян келтіріп отыр. Барлық ойыннан келетін шығындардың шамамен 60%-ы (ал бұл операторлардың табысын құрайды) ойындарға қатты тәуелді адамдардың үлесіне тиеді. Осыған байланысты көп-

теген елдің үкіметі үшін ойынға тәуелділік елеулі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық салдарға әкелетін маңызды мәселе болып отыр.

Қазақстан да бұл мәселеден тыс қалған жоқ. Кейінгі жылдары ұлттық деңгейде халықтың құмар ойындарға әуестеніп кетуі мәселелері белсенді түрде талқыланып жүр. Ойынға тәуелділіктің теріс салдары Ұлттық құрылтай отырыстарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесте, сондай-ақ Парламенттің Сенаты мен Мәжілісінде талқыланды. 2023 жылғы қыркүйектің 4-і Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысында лудоманияны қазіргі қазақстандық қоғамның негізгі әлеуметтік мәселелерінің бірі ретінде атап өтіп, мемлекеттік органдарға құмар ойындар саласында шектеулер енгізу бойынша жұмысты күшейтуді тапсырған еді. Осыдан кейін ойын бизнесі мен лотерея қызметін мемлекет тарапынан реттеуді жетілдіру, сондай-ақ лудоманияның алдын алу бойынша кешенді жоспар әзірлеу процесі басталып кетті.

Алайда Қазақстанда лудомания мәселесінің ауқымы әлі де толық зерттелмеген. Негізгі мәселе – статистикалық деректің жеткіліксіздігі, лудоманияға шалдыққан адамдарды анықтаудың нақты критерийлерінің болмауы, сондай-ақ мұндай адамдарды есепке алу әдіснамасының жоқ болғаны. Бұл бағытта кейбір зерттеулер ғылыми-зерттеу орталықтары мен жекелеген ғалымдар тарапынан жүргізіліп жатыр. Мысалы, 2019 жылы «Amanat» партиясының Қоғамдық саясат институты жүргізген зерттеу қа-

<sup>1</sup>Құмар ойындар. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/gambling>

зақстандықтардың 73,7%-ы лудомания мәселесін өзекті деп санайтынын көрсетті. Бұл мәселе республикалық маңызы бар қалаларда тұратын тұрғындар үшін (75,1%), сондай-ақ Түркістан (86,9%), Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарының тұрғындары үшін (86%) ерекше өзекті. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірінен астамы (28,2%) құмар ойындарға деген қарызын өтеу үшін тағы қарыз алған немесе отбасындағы құнды заттарды сатқан адамдарды жеке танитынын айтқан<sup>2</sup>. 2021 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген «Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік ұстанымдары» атты әлеуметтанулық зерттеу жастардың түрлі девианттық мінез-құлық түрлеріне деген көзқарасын зерттеген. Сауалнамаға қатысқандардың 74,5%-ы ешқашан құмар ойындарға қатыспағанын және оларды айыптайтынын атап өткен, ал 17,8%-ы мұны әр адамның жеке ісі деп көрсеткен. Респонденттердің 4,4%-ы құмар ойындарға қатысқанын мойындап, бұл әрекетін дұрыс емес деп есептеген<sup>3</sup>. Сондай-ақ 2022–2023 жылдары «Жастар» орталығы жүргізген зерттеулерде құмар ойындарға қатысқан және

оны зиянды әдет ретінде атап өткен жастардың санының өскенін көрсететін кейбір сандық көрсеткіштер ұсынылды: 2022 жылғы зерттеуде жастардың 1,2%-ы құмар ойындарға қатысқанын айтса<sup>4</sup>, 2023 жылы бұл көрсеткіш 3%-ға жеткен<sup>5</sup>. Алайда лудоманияға бойынша жекелеген зерттеулер болғанымен Қазақстанда бұл мәселенің ауқымы мен ерекшеліктері туралы дерек әлі де жеткіліксіз. Бұл мәселе тереңірек және кешенді зерттеуді, сондай-ақ пәнаралық тәсілді қолдануды талап етеді.

Аталған әлеуметтанулық зерттеу аясында халық арасында лудоманияның таралу деңгейі, құмар ойындарға деген көзқарас, сондай-ақ ойынға тәуелді болып қалудың әлеуметтік, кәсіби және жеке өмірге әсері туралы бұқаралық сауалнама жүргізілді. Сауалнама әртүрлі жас тобын, әлеуметтік топтар мен елдің түрлі өңірін қамтып, мәселеге толық ашып қарауға мүмкіндік берді. Ұсынылып отырған зерттеу әдіснамасы Қазақстан мен халықаралық қауымдастықтың зерттеу базасын кеңейтуге және лудоманияға қарсы күресудің практикалық жолдарын табуға бағытталған.

<sup>2</sup>«Аманат» партиясы Қоғамдық саясат институтының зерттеуі, 2019 жыл. <https://rus.azattyq-ruhy.kz/society/21342-problema-ludomanii-trebueto-operativnykh-i-reshitelnykh-mer-ekspert>

<sup>3</sup>«Қазақстандағы NEET жастарының әлеуметтік көзқарастары» зерттеуінің нәтижелері бойынша талдамалық баяндама. Астана, 2021.

<sup>4</sup>«Қазақстан жастары» зерттеуінің нәтижелері бойынша талдамалық баяндама. Астана, 2022.// <https://eljastary.kz/upload/iblock/e5d/aog7afeupooqwmw0jhywost1mcoqwu1p.pdf>

<sup>5</sup>«Қазақстан жастары» зерттеуінің нәтижелері бойынша талдамалық баяндама. Астана, 2023.// <https://eljastary.kz/upload/iblock/f70/ggw1849fh0fs4pa3dg9sp3u851ftwbzL.pdf>

## **ЗЕРТТЕУ ДИЗАЙНЫ**

«Қазақстандағы лудомания феномені және оның дамуына ықпал ететін факторлар» әлеуметтанулық зерттеуі Қазақстандағы лудомания феноменін зерттеуге және оның халық арасында таралуына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған.

### **Міндеттері:**

- ойын қызметтері туралы халық арасында қалыптасқан түсініктері мен олардың адам өміріндегі рөлін анықтау;
- халықтың заңды және заңсыз букмекерлер қызметін (казино, лотереялар, қаржы пирамидалары) қабылдауындағы айырмашылықтарды анықтау;
- құмар ойындарға қызығушылық танытқан халықтың шамамен алғандағы үлесін және лудоманиядан (құмар ойындарға патологиялық тәуелділік) зардап шегетін тұлғалар үлесін анықтау;
- лотоматиктер, лотоклубтар, онлайн-казино, казино, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер, биржалық ойындар, қаржы пирамидаларын пайдаланатын ойын ретінде тұтыну формаларының таралуын бағалау;
- лудоманияның қалыптасуына әлеуметтік, экономикалық және психологиялық факторлардың (табыстың деңгейі, қаржылық проблемалардың болуы, стрестік жағдайлар, әлеуметтік қысым және т.б.) әсерін зерттеу;
- білім деңгейі мен қаржылық сауаттың құмар ойындарға бейімділікке әсерін бағалау;
- құмар ойындардың заңсыз түрлері мен адал емес ұйымдардың тәуелділіктің дамуына әсерін талдау;
- әлеуметтік медиа, жарнама және басқа ақпарат көздерінің құмар ойын-

дарға қатысты көзқарастарды қалыптастырудағы рөлін зерттеу;

- лудоманияның алдын алу бойынша алынған деректер негізінде ұсыныстар әзірлеу;
- ойын бизнесін реттеуге арналған заңнамалық өзгерістердің қажеттілігін бағалау;
- лудоманиядан зардап шегетін тұлғаларға арналған әлеуметтік қорғау шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу нысаны** – лудомания мәселесіне қатысты қоғамдық пікір, оның ішінде бұл мәселе туралы ақпарат алу деңгейі, құмар ойындарға деген көзқарас, сондай-ақ ойынға тәуелділіктің әлеуметтік, экономикалық және психологиялық әсерін қабылдау.

**Зерттеу пәні** – ойынға тәуелділіктің дамуына ықпал ететін факторлар, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және мәдени аспектілер: құмар ойындардың қолжетімділігі, жарнамалық кампаниялардың әсері, цифрлық технологиялардың (әсіресе смартфондардың) рөлі, сондай-ақ лудоманияның дамуына әсер ететін жеке және отбасылық жағдайлар.

### **Әдіснама**

Зерттеуде ақпаратты жинау мен талдаудың сандық әдісі қолданылып, респонденттермен жеке сұхбаттасу арқылы бұқаралық сауалнама жүргізілді.

Ақпарат жинаудың негізгі әдісі ретінде 14 жастан бастап 60 жас және одан үлкен жастағы халық арасында «face-to-face» форматындағы сауалнама қолданылды. Бұл әдіс қоғамдағы жағдай туралы барынша объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұқаралық сауална-

Таңдау жиынтығының есебі, адам\*

|                            | Жалпы      | Қала | Ауыл | Ерлер | Әйелдер |
|----------------------------|------------|------|------|-------|---------|
| Қазақстан Республикасы     | 14 532 191 | 1256 | 744  | 957   | 1043    |
| Абай облысы                | 459 597    | 39   | 24   | 30    | 33      |
| Ақмола облысы              | 613 062    | 47   | 37   | 41    | 43      |
| Ақтөбе облысы              | 669 979    | 69   | 23   | 44    | 48      |
| Алматы облысы              | 1 087 765  | 24   | 126  | 74    | 76      |
| Атырау облысы              | 478 854    | 36   | 30   | 32    | 34      |
| Батыс Қазақстан облысы     | 517 603    | 40   | 31   | 34    | 37      |
| Жамбыл облысы              | 853 727    | 51   | 66   | 57    | 60      |
| Жетісу облысы              | 502 804    | 30   | 39   | 33    | 36      |
| Қарағанды облысы           | 884 647    | 100  | 22   | 57    | 65      |
| Қостанай облысы            | 668 127    | 57   | 35   | 44    | 48      |
| Қызылорда облысы           | 571 492    | 37   | 42   | 39    | 40      |
| Маңғыстау облысы           | 514 111    | 33   | 38   | 35    | 36      |
| Павлодар облысы            | 592 455    | 58   | 24   | 39    | 43      |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 432 745    | 29   | 31   | 29    | 31      |
| Түркістан облысы           | 1 403 321  | 47   | 146  | 98    | 95      |
| Ұлытау облысы              | 160 410    | 18   | 4    | 11    | 11      |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 583 372    | 54   | 26   | 38    | 42      |
| Астана қ.                  | 1 037 452  | 143  |      | 66    | 77      |
| Алматы қ.                  | 1 688 005  | 232  |      | 104   | 128     |
| Шымкент қ.                 | 812 663    | 112  |      | 52    | 60      |

маға қатысатын респонденттер саны көп болып, таңдалған іріктеу негізінде әлеуметтік топ құрылымын көрсетеді. Бұқаралық сауалнама нәтижелері негізінде қоғамдағы мінез-құлықтың болжамдары белгілі бір дәлдік деңгейінде жасалады.

Бұқаралық сауалнаманың негізгі мақсаты – халықтың пікірі, олардың мотивтері және әлеуметтік құбылыстар мен жағдайларды бағалауы туралы ақпарат жинау, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке сананың феномендері мен жағдайларын анықтау.

Іріктеу көлемін 2000 респондент құрады. Әлеуметтанулық зерттеу Қазақстан Республикасының барлық өңірін қамтиды – республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалалары, 17 облыс орталығы, сондай-ақ ауылдық елді мекендер. Зерттеуде 2024 жылдың басындағы халық саны туралы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес стратификацияланған көпсатылы квоталық іріктеу (өңірлік және қоныстық типтер, респонденттердің жасы мен жынысы) қолданылды.

### **Құралнама құрылымы**

Алғашқы ақпаратты жинау үшін белгілі бір ереже бойынша құрастырылып, өзара байланыстырылған сұрақтар жиынтығын қамтитын әлеуметтанулық зерттеу сауалнамасы пайдаланылды. Әлеуметтанулық сауалнаманың қасиеттері мен сипаттамалары, оның көлемі, құрылымы және сұрақтарды құрастыру ерекшеліктері осы құралдың қолданылатын сұхбат түріне және зерттеу нысанының ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Респонденттерге сауал қою олардың таңдауы бойынша екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Зерттеудің далалық кезеңіндегі ақпаратты жинау арнайы дайындалған интервьюерлер арқылы өңірлік супервайзерлердің басшылығымен жүзеге асырылды.

### **Ақпаратты өңдеу әдістемесі**

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша интервьюерлердің жұмысын бақылау (сауалнамаларды толтыру дұрыстығын 100% тексеру және телефон арқылы 30% далалық бақылау), сонымен қатар мәліметтерді кодтау, енгізу және өңдеу жүргізілді. Алғашқы деректерді енгізу және өңдеу, сондай-ақ бірөлшемді және екіөлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдау лицензияланған, қазақ және орыс тілдеріне бейімделген SPSS компьютерлік бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

### **Ақпаратты талдау әдістері**

Әлеуметтанулық ақпаратты алғаш талдаудың негізгі әдістері:

- 1) бірөлшемді деректерді талдау;
- 2) екіөлшемді деректерді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

1-кезең. Әлеуметтанулық сауалнаманы дайындау.

Бағдарламаны әзірлеу, оған мыналар кіреді:

- проблемалық жағдайды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу;
- мақсаттар мен міндеттерді қою;
- іріктеу жиынтығын жобалау.

Эмпирикалық ақпаратты жинауға арналған құралды (сауалнаманы) әзірлеу:

- сауалнаманы аудару.

2-кезең. Эмпирикалық материалды жинау.

Сауалнаманы ұйымдастыру:

- интервьюерлерді іріктеу, даярлау және нұсқаулық өткізу;
- сауалнама учаскелерін бөлу;
- сұрау бірліктерін іріктеу;
- Simple Forms бағдарламалық қамтамасыздандыруды пайдаланып сауалнама жүргізу.

3-кезең. Әлеуметтанулық деректерді өңдеу және интерпретациялау:

- статистикалық деректерді талдау және өңдеу бағдарламасында макет дайындау (SPSS);
- сауалнамаларды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- далалық бақылау;
- әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша сызықтық есептер мен есептерді дайындау;
- басқа статистикалық талдау түрлерін қолдану.

4-кезең. Алынған деректерді талдау.

Алғашқы талдау жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді белгілеу;
- кестелер жасау;
- диаграммалар құру.

Деректерді екінші рет талдау:

- салыстырмалы талдау жүргізу;
- қосымша ақпаратты тарту;
- жаңа болжамдар мен ұсыныстар шығару;
- зерттеудің соңғы есебін дайындау.

## ЛУДОМАНИЯ ТУРАЛЫ ХАБАРДАРЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰМАР ОЙЫНДАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Қазақстандағы лудомания мәселесін зерттеу мақсатында 2024 жылғы қарашаның 4-і мен желтоқсанның 1-і аралығында «Қазақстандағы лудомания феномені және оның дамуына ықпал ететін факторлар» тақырыбында зерттеу жүргізілді. Зерттеу Қазақстанның 17 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өтті. Таңдау жиынтығы 2 000 респонденттен құралды. Респонденттердің 46,5%-ы – ерлер, 53,6%-ы – әйелдер. Респонденттердің арасында барлық жас топтары ұсынылған: «14–17 жас» – 9,1%, «18–29 жас» – 21,8%, «30–44 жас» – 30%, «45–60 жас» – 24%, «61 жас және одан жоғары» – 15,2%. Сауалнамаға қатысқандарды мынадай этностар құрайды: респонденттердің 75,9%-ы – қазақтар, 16,5%-ы – орыстар, 7,6%-ы – басқа этностардың өкілдері.

Білім деңгейі бойынша: «толық емес орта (мектептің 9 сыныбы)» – 7,6%, «орта (мектептің 11 сыныбы)» – 20%, «кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)» – 26,1%, «аяқталмаған жоғары (ЖОО-да оқиды)» – 4,9%, «жоғары (ЖОО-ны аяқтаған)» – 40,3%, «жоғары және ғылыми дәреже (магистр, кандидат, доктор, PhD)» – 1,3%. Қызмет саласы бойынша әртүрлі бағыттағы қызметкерлер – мемлекеттік қызметкерлер (8,9%), ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі білім беру саласының мамандары (12,3%), қызмет көрсету саласының қызметкерлері (9,2%), кәсіпкерлер (6,9%) және т. б.

Отбасы жағдайы тұрғысынан респонденттер мынадай арақатынасты құрайды: некеде тұрғандар – 61,5%, тіркелмеген не-

кеде тұрғандар – 1,4%, бойдақтар – 32,6%, ажырасқандар – 1,9%, жесірлер – 2,3%. Респонденттердің 33,3%-ының баласы жоқ, 13,1%-ының – бір баласы, 22,6%-ының – екі баласы, 14,7%-ының – үш баласы, 16,4%-ының – төрт және одан көп баласы бар. Респонденттердің үй шаруашылығының жиынтық табысы 15,3%-ында 100 мың теңгеге дейін, 31,1%-ында 250 мың теңгеге дейін, 27,4%-ында 400 мың теңгеге дейін, 14,6%-ында 550 мың теңгеге дейін, 6,3%-ында 700 мың теңгеге дейін және 5,4%-ында 700 мың теңгеден жоғары.

Қазіргі уақытта құмар ойындар – қатысушылардың өз ақшасы немесе басқа да материалдық құндылықтарын тәуекел етіп, болжап болмайтын нәтижелерге тігіс қою арқылы пайда табуды мақсат ететін қызмет түрі. Бұл ойындар әртүрлі формада болуы мүмкін, соның ішінде дәстүрлі казинолар, спорттық іс-шараларға тігіс қою және интернет-платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы қолжетімді онлайн ойындар да болуы мүмкін. Құмар ойындарға, атап айтқанда, тігіс қою мен бәс тігу, ойын автоматтары, лотереялар және басқа да ұтысы бар кездейсоқ ойындары жатады.

Өз кезегінде, лудомания – құмар ойындарға деген бақыланбайтын тартымдылықпен сипатталатын тәуелділіктің бір түрі. Бұл – адамның өз әрекеттерін бақылауынан айырылып, әлеуметтік, кәсіби және жеке өміріне теріс әсер ететін зардабына қарамастан құмар ойындарға қатысуды жалғастыруымен сипатталатын жағдай. Лудомания ауру ретінде танылып, оған Халықаралық аурулар классификациясында (ICD-10) F63.0 коды берілген<sup>6</sup>.

<sup>6</sup>2025 ICD-10-CM Diagnosis Code F63.0 Pathological gambling. <https://www.icd10data.com/ICD10CM/Codes/F01-F99/F60-F69/F63-/F63.0#:~:text=A%20disorder%20characterized%20by%20a,%2C%20job%2C%20or%20educational%20opportunity.>

Лудомания феноменін зерттеу аясында халықтың лудомания мәселесі туралы ақпарат алу деңгейін және азаматтардың «лудомания» ұғымымен таныстығын зерттеу ерекше назар аударуды талап етеді. Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің жартысынан көбі осы терминмен таныс екенін мәлімдеуге болады (57,1% – «иә» және «негізінен иә» жауаптарының жиынтығы). Бір айтары, респонденттердің шамамен жартысынан кемі (42,7% – «жоқ» және «негізінен жоқ» жауаптарының жиынтығы) бұл ұғымды білмейтінін атап өткен.

**№1 кесте.** «Сіз лудоманияның не екенін білесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %


|                        | %    |
|------------------------|------|
| Иә                     | 46,7 |
| Негізінен иә           | 10,4 |
| Негізінен жоқ          | 4,1  |
| Жоқ                    | 38,6 |
| Жауап беруге қиналамын | 0,3  |

Деректерді жас ерекшеліктері бойынша талдау «лудомания» анықтамасымен 30–44 жас аралығындағылар (52,7%) және 18–29 жас аралығындағылар (55,9%) ең жақсы таныс екенін көрсетеді.

Деректерді өңірлік тұрғыдан талдау «лудомания» терминімен Маңғыстау (67,6%) және Солтүстік Қазақстан (68,3%) облыстарының, сондай-ақ Ақтөбе (56,5%), Батыс Қазақстан (53,5%), Жамбыл (58,1%) облыстары мен Шымкент қаласының (59,8%) респонденттері көбірек таныс екенін көрсетеді.

«Лудомания» терминімен таныс респонденттердің басым көбі бұл туралы алғаш рет әлеуметтік желілерден (45,4%) білген. Сауалнамаға қатысқандардың бесен бірі (20,3%) осы ұғымды достары мен таныстарынан естіген. БАҚ-тан лудомания туралы алғаш рет 15,3% респондент білген болса, жақындары мен туыстарынан осы туралы 10% респондент естіген. Яғни қазіргі уақытта лудомания туралы ақпараттың маңызды дереккөздерінің бірі – әлеуметтік желілер. Жалпы халықтың осы құбылыс туралы ақпараттандырылу деңгейі-

**№1 диаграмма.** «Сіз лудоманияның не екенін білесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %



**№2 кесте.** «Сіз лудоманияның не екенін білесіз бе?» деген сұраққа «Иә» деген жауаптардың бөлінісі, өңірлер бөлінісінде, %

| Өңірлер                    | %    |
|----------------------------|------|
| Солтүстік Қазақстан облысы | 68,3 |
| Маңғыстау облысы           | 67,6 |
| Шымкент қ.                 | 59,8 |
| Жамбыл облысы              | 58,1 |
| Ақтөбе облысы              | 56,5 |
| Қызылорда облысы           | 54,4 |
| Батыс Қазақстан облысы     | 53,5 |
| Қарағанды облысы           | 52,5 |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 50,0 |
| Алматы қ.                  | 47,8 |
| Қостанай облысы            | 45,7 |
| Астана қ.                  | 41,3 |
| Абай облысы                | 39,7 |
| Павлодар облысы            | 39,0 |
| Түркістан облысы           | 38,9 |
| Ұлытау облысы              | 36,4 |
| Атырау облысы              | 34,8 |
| Алматы облысы              | 34,0 |
| Жетісу облысы              | 33,3 |
| Ақмола облысы              | 28,6 |

нің төмендігі мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және басқа да стейкхолдерлердің әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуі қажет екенін көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтылғандай, құмар ойындарға тігіс қою мен бәс тігу, ойын автоматтары, казинодағы ойындар, лотереялар мен лото сияқты бірқатар ойын түрі жатады. Бұл ойындар 2024 жылдың қыркүйегінде өзгерістер енгізілген ҚР

**№3 кесте.** «Сіз лудомания туралы алғаш қайдан білдіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, % (бұл сұраққа тек білетіндер/негізінен білетіндер жауап береді/жауап беруге қиналғандар – 1146 респондент)

|                                   | %    |
|-----------------------------------|------|
| Әлеуметтік желілерден             | 45,4 |
| Достарымнан, таныстарымнан        | 20,3 |
| БАҚ-тан                           | 15,3 |
| Жақындарымнан, туыстарымнан       | 10,0 |
| Әріптестерімнен                   | 5,0  |
| Жауап беруге қиналамын            | 1,2  |
| Бала кезден білемін               | 0,4  |
| Интернет                          | 0,4  |
| Ондай адамдарды жеке танимын      | 0,3  |
| Фильмде                           | 0,3  |
| Жұмыста                           | 0,3  |
| Әскерде                           | 0,1  |
| Мектепте                          | 0,1  |
| Аталғандардың барлығы             | 0,1  |
| Конференция                       | 0,1  |
| Мектептегі ата-аналар жиналысында | 0,1  |
| Құқық қорғау органдарынан         | 0,1  |
| Психологтардан                    | 0,1  |
| Көршілерден                       | 0,1  |
| Институттағы мамандықтан          | 0,1  |
| Жарнама                           | 0,1  |
| Өзім бұрын емделгенмін            | 0,1  |

«Ойын бизнесі туралы» заң аясында реттеледі<sup>7</sup>. Рұқсат етілген ойын орындарына казино, ойын автоматтары залы, букмекерлік кеңселер және тотализаторлар кіреді. Құмар ойындармен айналысу үшін арнайы лицензия алу қажет. Бұл ретте электрондық казино және интернет-казино қызметіне, сондай-ақ бәс тігуге тыйым салынған.

<sup>7</sup>Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Ойын бизнесі туралы» № 219-III Заңы (09.09.2024 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).

Зерттеуде барлық ойын түрінің танымалдылығын анықтау жайлы сұраныс болды. Сауалнама нәтижелері бойынша, Қазақстанда ең кең таралған ойын түрлері мобильді ойындар болып шықты. Респонденттердің 70,3%-ы 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша дәл осы ойын түріне ең жоғары баға берген. Сонымен қатар жоғары бағаланғандар арасында мыналар да бар: видеоойындар (компьютер, ойын консолі) – 63,6%, спорттық тігістер – 58,9%, онлайн-казино – 56,7%, ойын автоматтары – 50,4%. Халық арасында ең төмен танымалдылыққа ие болған ойын түрлері ретінде респонденттер бәс тігуді (тотализатор қызметтері) – 34,1%, «қара касса»/«ортақ қазандық» – 34,9%, сондай-ақ лотоматиктерді (лездік лотереялар) – 35% атап өтті.

Бір айта кетері, респонденттердің пікірінше, халық арасында ең көп таралған ойын түрлері – мобильді ойындар

мен видеоойындардың белгілі бір айырмашылығы бар: осы ойындарда ойыншылар көп жағдайда ақша тікпейді және ақша ұтып алуға деген құмарлықты сезінбейді.

Алайда алаңдатарлық үрдіс ретінде ең танымал бес ойын түрінің арасында ақша табуға бағытталған құмарлық әрекеттерді қамтитын ойындардың басым болуы байқалады. Олар – спорттық тігістер, онлайн-казино және ойын автоматтары. Осы ойындар қаржылық әл-ауқатты бұзады әрі ойыншылар үшін психологиялық және әлеуметтік мәселелердің қайнар көзіне айналады. Осылайша, респонденттердің пікірінше, аталған құмар ойын түрлері лудоманияның қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Лудомания – адамның ойын мінез-құлқын бақылауы қабілетінен айырылуымен және өміріне деген елеулі теріс әсерлермен қатар жүретін психикалық ауру.

**№4 кесте.** «Мына ойын түрлерінің, ұйымдардың таралуы деңгейін 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз, 1 – кең таралмаған, 5 – кең таралған» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

| Ойын түрлері                                | Баға |      |      |      |      | Жауап беруге қиналамын |
|---------------------------------------------|------|------|------|------|------|------------------------|
|                                             | 1    | 2    | 3    | 4    | 5    |                        |
| Мобильді ойындар                            | 6,7  | 2,4  | 6,6  | 11,1 | 70,3 | 3                      |
| Видеоойындар (компьютер, ойын консолі)      | 8,3  | 3,9  | 8,4  | 12,3 | 63,6 | 3,7                    |
| Спорттық тігістер                           | 8,8  | 6,3  | 8,6  | 14,3 | 58,9 | 3,2                    |
| Онлайн-казино                               | 11,4 | 4,5  | 8,8  | 12,5 | 56,7 | 6,2                    |
| Ойын автоматтары                            | 12   | 6,3  | 13   | 15   | 50,4 | 3,4                    |
| Қаржы пирамидалары                          | 12   | 7    | 15   | 14,1 | 46,9 | 5,1                    |
| Казино                                      | 16   | 8,1  | 12,6 | 12,9 | 46,7 | 3,9                    |
| Ақша ттіп карта ойнау                       | 16,4 | 8    | 16,3 | 10,9 | 44,5 | 4,1                    |
| Лотереялар                                  | 12,8 | 9,7  | 18,5 | 14   | 42,3 | 2,8                    |
| Лото                                        | 16,6 | 11,3 | 17,2 | 12,7 | 37,4 | 5                      |
| Лотоматиктер (Lotomatic лездік лотереялары) | 17,1 | 9,3  | 15,4 | 13,7 | 35   | 9,6                    |
| «Қара касса», «ортақ қазандық»              | 16,9 | 9,8  | 14,8 | 12,5 | 34,9 | 11,2                   |
| Бәс тігу (тотализатор қызметі)              | 16,6 | 10,3 | 15,4 | 11,7 | 34,1 | 12                     |

Осы ретте респонденттердің тұратын жеріне байланысты деректерді талдау да қызық болып отыр. Респонденттердің жауабына сәйкес, ауылдық жерлерде қалаға қарағанда ақша тігіп карта ойнау (50,2% бен 40,9%), лото (44,9% бен 32,8%), лотереялар (46,8% бен 39,5%), онлайн-казино (60,2% бен 54,6%), лотоматиктер (38,2% бен 33%) және ойын автоматтары (52,7% бен 49%) жиірек таралған. Алайда

қалаларда ауылдық жерлерге қарағанда спорттық тігістер (60,1% бен 56,8%) және мобильді ойындар (73,1% бен 65,7%) кеңінен таралған.

Респонденттердің көбі заңды құмар ойын қызметтері (қазақстандық лицензиясы бар заңды казинолар, букмекерлік кеңселер және т. б.) қоғамға (77,9%) және адамдардың жеке өміріне (82,4%) аса теріс әсер етеді деген пікірін алға тартты.

**№2 диаграмма.** «Мына ойын түрлерінің, ұйымдардың таралуы деңгейін 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз, 1 – кең таралмаған, 5 – кең таралған» деген сұраққа «барлық жерде таралған» жауабының бөлінісі, тұрғылықты жерінің түрі бөлінісінде, %



**№5 кесте.** «Заңды ойын қызметтерінің (қазақстандық лицензиясы бар заңды казинолар, букмекерлік кеңселер және т. б.) қоғамға және адамдардың жеке өміріне тигізетін әсерін 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте теріс, 5 – өте оң» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                        | Қоғамға | Адамдардың жеке өміріне |
|------------------------|---------|-------------------------|
| 1                      | 77,9    | 82,4                    |
| 2                      | 7,3     | 5,6                     |
| 3                      | 7       | 4,9                     |
| 4                      | 2,7     | 2,2                     |
| 5                      | 3,7     | 3,8                     |
| Жауап беруге қиналамын | 1,5     | 1,3                     |

Бұл ретте жыныстық бөлініске қарағанда құмар ойындардың әсерін бағалауда айтарлықтай айырмашылық жоқ. Әйелдер құмар ойындардың теріс әсерін орташа көрсеткіштен сәл жоғары (79,3%) бағаласа, ерлер бұл көрсеткішті сәл төмен (76,2%) бағалаған.

Респонденттердің көбі (77,6%) құмар ойындардың екі түрі де (заңды және заңсыз) тәуелділіктің дамуы тұрғысынан бірдей қауіпті деген ортақ пікірге келді. Ал сауалнамаға қатысушылардың 15,6%-ы тәуелділік негізінен заңсыз, реттелмейтін ойындарға қатысу нәтижесінде пайда болады деп санайды.

Ойынға тәуелді болып қалудың себептерін анықтау үшін респонденттер-

**№6 кесте.** «Құмар ойындардың қандай түрлері тәуелділіктің дамуы тұрғысынан ең үлкен қауіп төндіреді деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                           | %    |
|-----------------------------------------------------------|------|
| <b>Екі түрі де бірдей қауіпті</b>                         | 77,6 |
| <b>Заңсыз, реттелмейтін құмар ойындар</b>                 | 15,6 |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>                             | 2,9  |
| <b>Заңды, мемлекет тарапынан реттелетін құмар ойындар</b> | 2,7  |
| <b>Ешқайсы қауіп төндірмейді</b>                          | 1,2  |

ге адамдарды құмар ойындарға қатысуға итермелейтін факторлар жөнінде пікірін білдіру ұсынылды. Сауалнамаға қатысқандардың көбінің пікірінше, негізгі себептер – ақша табуға ұмтылыс (44,8%) және құмарлану сезімі (22,4%). Кейбір респондент (7,4%) ойынға тәуелділіктің себебі ретінде «ләззат алу» факторын да атады. Бұл жауап басқа себептердің аясында ерекшеленіп, шетелдік ғалымдардың зерттеулерін растап отыр; олар лудоманияның психоактив заттарға тәуелді болуға ұқсас екенін атап көрсеткен болатын. Бұл байқау тағы да лудоманияның тек мінез-құлықтық ерекшеліктермен ғана емес, сонымен қатар адамның психоэмоциялық ахуалындағы өзгерістермен сипатталатын ауру екенін растайды.

Зерттелген респонденттер тобының көбі табыс деңгейіне қарамастан құмар ойындарды табыс көзі ретінде қабылдайтыны бір қызық факт екені байқалады. Алайда ерекше осалдық 250 мыңнан 700 мың теңгеге дейінгі табыс диапазонындағы адамдарда көрінеді. Бұл топтағы респонденттердің 45%-дан астамы құмар ойындарды табыс көзі ретінде қарастырады, бұл жоғары қауіп-қатер деңгейін көрсетіп отыр. Сонымен қатар табысы 700 мың теңгеден асатын адамдар ара-

**№7 кесте.** «Адамдардың құмар ойын ойнауының басты себебін атаңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                         | %    |
|-----------------------------------------|------|
| <b>Ақшалай табыс</b>                    | 44,8 |
| <b>Құмарлық сезімі</b>                  | 22,4 |
| <b>Бос уақытты өткізу</b>               | 13,2 |
| <b>Ләззат алу</b>                       | 7,4  |
| <b>Өзін-өзі таныту сезімі</b>           | 4,5  |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>           | 3,0  |
| <b>Достармен араласу</b>                | 1,7  |
| <b>Аталғандардың бәрі</b>               | 1,0  |
| <b>Ауру, тәуелділік</b>                 | 0,7  |
| <b>Жылдам пайда табу</b>                | 0,6  |
| <b>Адамдардың жауапсыздығы</b>          | 0,2  |
| <b>Істейтін ісі жоқ, жалқау</b>         | 0,2  |
| <b>Қызық көру</b>                       | 0,1  |
| <b>Ашкөздік</b>                         | 0,1  |
| <b>Адамдарда проблемалардың болмауы</b> | 0,1  |
| <b>Өмірінде сенімділік жоқ</b>          | 0,1  |
| <b>Жеке өмірдің болмауы, өзін іздеу</b> | 0,1  |
| <b>Жарнама</b>                          | 0,1  |
| <b>Қаржылық сауаттың болмауы</b>        | 0,1  |

сында мұндай пікір білдіргендердің үлесі 550–700 мың теңге табыс табатын топпен салыстырғанда 15,3%-ға төмен.

Жас ерекшеліктері бойынша деректерді талдау нәтижесінде «ләззат алу» деген жауап нұсқасын көбінесе 18–29 жас аралығындағы респонденттер таңдағаны анықталды (9,4%). Бұл жас адамдар үшін құмар ойындардың эмоциялар мен ләззат алу тәсілі ретінде қабылданатынын көрсетуі мүмкін. Өз кезегінде, 14–17 жас аралығындағы респонденттер арасында құмар ойындарға әуестенудің ең көп тараған себебі «ақша табу» (52,2%) екен. Бұл олардың жас ерекшелігіне байланысты табыс көздерінің шектеулі болуынан

**№8 кесте.** «Адамдардың құмар ойын ойнауының басты себебін атаңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, табыс бөлінісінде, %

|                          | 100 000<br>теңгеге дейін | 100 000–<br>250 000 теңге | 250 000–<br>400 000 теңге | 400 000–<br>550 000 теңге | 550 000–<br>700 000 теңге | 700 000 тең-<br>геден артық |
|--------------------------|--------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|-----------------------------|
| Ақшалай табыс            | 44,3                     | 44,1                      | 46,8                      | 45,1                      | 49,6                      | 34,3                        |
| Құмарлық сезімі          | 21,0                     | 24,4                      | 21,0                      | 19,8                      | 21,6                      | 29,6                        |
| Бос уақытты өткізу       | 13,4                     | 13,7                      | 13,7                      | 14,0                      | 12,8                      | 5,6                         |
| Жауап беруге қиналамын   | 5,6                      | 2,7                       | 2,7                       | 1,0                       | 3,2                       | 3,7                         |
| Ләззат алу               | 4,9                      | 7,1                       | 9,5                       | 7,5                       | 4,8                       | 9,3                         |
| Өзін-өзі таныту сезімі   | 4,3                      | 3,7                       | 2,4                       | 7,8                       | 6,4                       | 9,3                         |
| Достармен араласу        | 3,3                      | 1,4                       | 1,5                       | 2,0                       | 0                         | 0                           |
| Адамдардың жауапсыздығы  | 0,7                      | 0,2                       | 0                         | 0                         | 0                         | 0                           |
| Ауру, тәуелділік         | 0,7                      | 0,6                       | 1,1                       | 0,7                       | 0                         | 0                           |
| Аталғандардың бәрі       | 0,7                      | 0,6                       | 0,7                       | 1,0                       | 0,8                       | 4,6                         |
| Жылдам пайда табу        | 0,3                      | 0,6                       | 0,4                       | 0,3                       | 0,8                       | 2,8                         |
| Істейтін ісі жоқ, жалқау | 0,3                      | 0,2                       | 0                         | 0                         | 0                         | 0,9                         |

қаржылық пайдаға жылдам қол жеткізуге деген ұмтылысын көрсетуі мүмкін. 61 жастан асқан респонденттер арасында құмар ойындарға әуес болудың ең көп тараған себебі «бос уақыт өткізу» (15,1%) екені де анықталды. Бұл қарт адамдардың бос уақытын пайдалануы және көңіл көтеруі қажеттілігін көрсетуі мүмкін. Бұл де-

ректер әртүрлі жас тобының құмар ойындарға әуестену себептерінің әртүрлі екенін айқын көрсетеді.

Респонденттердің көбінің құмар ойын ойнайтын, бәс тігетін және мобильді ойын ойнайтын адамдарға деген көзқарасы «теріс» деп сипатталады. Құмар ойын ойнайтындарға деген теріс көзқарас білдір-

**№9 кесте.** «Адамдардың құмар ойын ойнауының басты себебін атаңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                    | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|--------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Бос уақытты өткізу | 12,1      | 12,4      | 13,3      | 12,9      | 15,1                    |
| Ләззат алу         | 7,7       | 9,4       | 7,0       | 6,5       | 6,9                     |
| Ақшалай табыс      | 52,2      | 46,9      | 42,8      | 44,3      | 42,1                    |
| Құмарлық сезімі    | 20,9      | 21,1      | 22,8      | 24,4      | 21,1                    |

ген респонденттердің үлесін 75,3%, бәс тігетіндерге – 71,8%, ал мобильді ойыншыларға – 61,1% құрады. Алайда сауалнамаға қатысқандардың айтарлықтай бөлігі бейтарап көзқарас білдіріп отыр: құмар ойыншыларға – 22,6%, бәс тігетіндерге – 24,2%, мобильді ойыншыларға – 31,4%. Мұндай дерек Қазақстанда құмар ойындар мен тігіс қоюға жалпы көзқарас негізінен теріс екенін көрсеткенімен мобильді ойындарға қатысты белгілі бір толеранттық бар екенін байқауға болады. Бұл қоғамдық пікірде мобильді ойындардың әлеуметтік зардабы минимум деп қабылдануы тенденциясын көрсетуі мүмкін.

Жыныстық тұрғыдан алғанда әйелдер ерлерге қарағанда құмар ойын ойнайтын адамдарға теріс көзқарас білдіруге бейім екен. Әйелдердің 79,3%-ы «теріс» деп жауап берсе, ерлер арасында бұл көрсеткішті 70,6% құрады.

Респонденттің жасы неғұрлым жоғары болса, құмар ойын ойнайтын адамдарға теріс көзқарас білдіретіндердің үлесі

де соғұрлым жоғары болуы тенденциясын атап өткен де маңызды. Мысалы, 14-тен 17 жасқа дейінгі жастардың 69,8%-ы «теріс» деп жауап берсе, 61 жастан асқан респонденттер арасында бұл көрсеткіш 85,2%-ға жеткен. Ал бейтарап көзқарас бойынша, керісінше, қарама-қарсы үрдіс байқалып отыр: респонденттің жасы ұлғайған сайын құмар ойыншыларға «бейтарап» жауап беру үлесі де азая түседі (13,5%). Мұндай дерек респондент жасының ұлғаюымен құмар ойындарға деген төзімділік деңгейінің төмендей беретінін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (85,1%) өзі де, айналасындағы адамдар да ақылы мобильді ойындар ойнамайтынын атап өтті. 40,2%-ы «Жоқ, бірақ ойындарда ақылы элементтер бар екенін білемін» деп жауап берсе, 44,9%-ы «Жоқ, бірінші рет естіп тұрмын» деп жауап берді.

Респонденттердің 7,4%-ы өзі я айналасындағы адамдар ақылы ойын ойнай-

**№10 кесте.** «Құмар және мобильді ойындар ойнайтын, бәс тігетін адамдарға қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                           | Оң  | Бейтарап | Теріс | Жауап беруге қиналамын |
|---------------------------|-----|----------|-------|------------------------|
| Құмар ойындар ойнайтын    | 1,4 | 22,6     | 75,3  | 0,8                    |
| Бәс тігетін               | 2,3 | 24,2     | 71,8  | 1,8                    |
| Мобильді ойындар ойнайтын | 6,4 | 31,4     | 61,1  | 1,2                    |

**№11 кесте.** «Құмар ойын ойнайтын адамдарға қалай қарайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                        | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Оң                     | 1,6       | 1,4       | 1,7       | 1,3       | 1                       |
| Бейтарап               | 28,0      | 28,0      | 23,5      | 20,3      | 13,5                    |
| Теріс                  | 69,8      | 70,3      | 73,7      | 77,5      | 85,2                    |
| Жауап беруге қиналамын | 0,5       | 0,2       | 1,2       | 1,0       | 0,3                     |

**№12 кесте.** «Сіз немесе айналаңыздағы біреу мобильді ойын үшін төлем жасай ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                                                   | %    |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------|
| Жоқ, мен мұны бірінші рет естіп тұрмын                                            | 44,9 |
| Жоқ, бірақ мен ойындарда ақылы элементтер бар екенін білемін                      | 40,2 |
| Иә, мен ақылы ойындар ойнаймын/олар ойнайды                                       | 7,4  |
| Жауап беруге қиналамын                                                            | 4,0  |
| Иә, мен бонустар немесе ойындағы қосымша функционалдық үшін төлеймін/олар төлейді | 3,5  |

ділік бар деп күдіктене қарағанымен бұған толық сенімді емес. 8,6%-ы өзінің жақындары арасында лудоманиядан зардап шегіп жүрген адамдар бар екенін білетінін, бірақ олар емделмей жүргенін және көмекке жүгінуге ниетті емес екенін айтқан. Респонденттердің 2,1%-ы өзінің жақындары арасында лудоманиядан зардап шегіп, емделіп шыққандар да бар екенін, ал 1,8%-ы жақындары қазіргі уақытта ем алып жатқанын мәлімдеген. Осылайша, респонденттердің 12,5%-ы өзінің жақын ортасында лудомания мәселесі бар екенін растап отыр. Бұл мәселе

**№13 кесте.** «Сіз немесе айналаңыздағы біреу мобильді ойын үшін төлем жасай ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                                                                                   | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Иә, мен ақылы ойындар ойнаймын/олар ойнайды                                       | 11,0      | 8,7       | 8,8       | 5,8       | 3,3                     |
| Иә, мен бонустар немесе ойындағы қосымша функционалдық үшін төлеймін/олар төлейді | 4,4       | 6,4       | 3,5       | 1,7       | 1,6                     |
| Жоқ, бірақ мен ойындарда ақылы элементтер бар екенін білемін                      | 45,6      | 46,9      | 41,3      | 39,0      | 27,0                    |
| Жоқ, мен мұны бірінші рет естіп тұрмын                                            | 33,5      | 35,9      | 42,5      | 49,3      | 62,5                    |
| Жауап беруге қиналамын                                                            | 5,5       | 2,1       | 3,8       | 4,2       | 5,6                     |

тынын атап өткен. Бұл көрсеткіштің ең көбі 14–17 жас аралығындағы респонденттерге (11,0%) тиесілі. Бұл жастардың ақылы мобильді ойындарға белсенді түрде қатысатынын және мұндай ойындар туралы хабардарлық деңгейінің жоғары екенін көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл әртүрлі жас тобының қызығушылығы мен технологиялық сауат деңгейіндегі айырмашылықты да білдіреді.

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (75,4%) өзінің жақын ортасында лудоманиядан зардап шегетін адамдар жоқ екеніне сенімді. Алайда респонденттердің бір бөлігі (10,2%) мұндай тәуел-

туралы ақпаратты кеңінен тарату мен ем алуға қолжетімділікті арттырудың маңыздылығын айқындайды.

Жақындарының арасында лудоманияның бар-жоғына қатысты дерек өңірлік тұрғыдан біркелкі емес екенін атап өткен жөн. Өз ортасында лудоманияға шалдыққандар жоқ екеніне сенімділігін Ақмола (89,3%), Ақтөбе (89,1%), Қостанай (89,1%) және Алматы (88%) облыстарының тұрғындары көбірек атап өткен. Ал жақындарының арасында лудоманияға шалдыққан, бірақ емделмей жүрген және емделетін ойы жоқ адамдар бар екенін айтқан респонденттер негізінен Батыс Қазақстан (21,1%), Абай (14,3%),

**№14 кесте.** «Сіздің жақын ортаңызда лудомандар, яғни құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегіп жүрген адамдар бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                         | %    |
|---------------------------------------------------------|------|
| Жоқ                                                     | 75,4 |
| Күдік бар, бірақ нақты емес                             | 10,2 |
| Иә, бар, бірақ олар емделмей жүр және емделетін ойы жоқ | 8,6  |
| Иә, олар емдеуден өтті                                  | 2,1  |
| Жауап беруге қиналамын                                  | 2,0  |
| Иә, олар қазір емделіп жүр                              | 1,8  |

Жетісу (14,5%) және Түркістан (15,5%) облыстарынан болып отыр. Республика-

лық маңызы бар үш қала ішінде мұндай пікір білдірген респонденттердің ең көбі Шымкентте тіркелген, мұнда сауалнамаға қатысқандардың 10,7%-ы жақындары арасында лудоманияның зардабын көріп жүрсе де, ем алмай, емделуге ниеті жоқ адамдар бар екенін мәлімдеген. Мұндай дерек лудомания мәселесін қабылдау мен оның таралуында өңірлер арасында айырмашылық бар екенін көрсетеді. Сондай-ақ бұл әр облыста тәуелділіктің алдын алу мен емдеуге бағытталған мақсатты бағдарламаларды барынша дамыту қажет екенін айқындайды.

**№15 кесте.** «Сіздің жақын ортаңызда лудомандар, яғни құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегіп жүрген адамдар бар ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, өңірлер бөлінісінде, %

|                            | Иә, олар емдеуден өтті | Иә, бар, бірақ олар емделмей жүр және емделетін ойы жоқ | Иә, олар қазір емделіп жүр | Күдік бар, бірақ нақты емес | Жоқ  | Жауап беруге қиналамын |
|----------------------------|------------------------|---------------------------------------------------------|----------------------------|-----------------------------|------|------------------------|
| Ақмола облысы              | 2,4                    | 3,6                                                     | 0,0                        | 3,6                         | 89,3 | 1,2                    |
| Ақтөбе облысы              | 1,1                    | 2,2                                                     | 1,1                        | 5,4                         | 89,1 | 1,1                    |
| Қостанай облысы            | 1,1                    | 3,3                                                     | 1,1                        | 5,4                         | 89,1 | 0,0                    |
| Алматы облысы              | 1,3                    | 3,3                                                     | 0,7                        | 6,7                         | 88,0 | 0,0                    |
| Астана қ.                  | 1,4                    | 2,8                                                     | 0,7                        | 6,3                         | 86,7 | 2,1                    |
| Павлодар облысы            | 0,0                    | 7,3                                                     | 0,0                        | 7,3                         | 82,9 | 2,4                    |
| Алматы қ.                  | 2,2                    | 6,5                                                     | 0,4                        | 7,3                         | 82,3 | 1,3                    |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 2,5                    | 5,0                                                     | 1,3                        | 10,0                        | 80,0 | 1,3                    |
| Атырау облысы              | 6,1                    | 9,1                                                     | 4,5                        | 4,5                         | 75,8 | 0,0                    |
| Абай облысы                | 1,6                    | 14,3                                                    | 1,6                        | 6,3                         | 74,6 | 1,6                    |
| Қарағанды облысы           | ,8                     | 9,0                                                     | 2,5                        | 14,8                        | 70,5 | 2,5                    |
| Жамбыл облысы              | 5,1                    | 10,3                                                    | 2,6                        | 12,0                        | 70,1 | 0,0                    |
| Ұлытау облысы              | 4,5                    | 13,6                                                    | 4,5                        | 9,1                         | 68,2 | 0,0                    |
| Қызылорда облысы           | 0,0                    | 7,6                                                     | 2,5                        | 19,0                        | 67,1 | 3,8                    |
| Маңғыстау облысы           | 2,8                    | 11,3                                                    | 8,5                        | 9,9                         | 66,2 | 1,4                    |
| Шымкент қ.                 | 4,5                    | 10,7                                                    | 0,9                        | 17,0                        | 65,2 | 1,8                    |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 0,0                    | 11,7                                                    | 0,0                        | 20,0                        | 65,0 | 3,3                    |
| Жетісу облысы              | 0,0                    | 14,5                                                    | 1,4                        | 11,6                        | 60,9 | 11,6                   |
| Батыс Қазақстан облысы     | 1,4                    | 21,1                                                    | 0,0                        | 11,3                        | 60,6 | 5,6                    |
| Түркістан облысы           | 3,1                    | 15,5                                                    | 4,7                        | 15,5                        | 58,5 | 2,6                    |

Жақындары емделіп шыққан респонденттердің арасында жартысы (47,6%) алған емінің сәтті өткенін атап өтті. 28,6%-ы емінің «негізінен сәтті» болғанын айтты. Респонденттердің бір бөлігі (14,3%) алған емінің нәтиже бермей, олар қайтадан құмар ойынға салынып кеткенін мәлімдеді.

**№16 кесте.** «Емдеу сәтті өтті ме?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек емделген таныстары бар респонденттер жауап береді – 42 респондент)

|                                                      | %    |
|------------------------------------------------------|------|
| <b>Иә, сәтті, бір жылдан астам уақыт ойнамай жүр</b> | 47,6 |
| <b>Негізінен сәтті</b>                               | 28,6 |
| <b>Сәтті емес, тағы ойнап жүр</b>                    | 14,3 |
| <b>Негізінен сәтті емес</b>                          | 9,5  |

Келесі ретте респонденттерге таныстары арасындағы лудомандардың санына қатысты сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың 34,5%-ы таныстары арасында 2–3 адамның құмар ойындарға тәуелді болып қалағанын білетінін хабарлады. Респонденттердің 27,2%-ы 3 немесе одан да көп лудоманды танитынын мәлімдеді. Ал 26,8%-ы өз ортасында кем дегенде 1 адамның құмар ойынға патологиялық түрде тәуелді болып қалағанын атап өтті. Осылайша, сауалнамаға қатысқандардың 88,5%-ының таныстары арасында кем дегенде 1 лудоман бар екені анықталып отыр. Бұл нәтиже құмар

**№17 кесте.** «Сіз айналаңыздағы адамдардың нешеуін лудоман деп атар едіңіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                               | %    |
|-------------------------------|------|
| <b>2–3 адам</b>               | 34,5 |
| <b>3 және одан да көп</b>     | 27,2 |
| <b>1 адам</b>                 | 26,8 |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b> | 11,5 |

ойындарға тәуелді болып қалу мәселесінің көптеген респонденттің әлеуметтік ортасында кең таралғанын көрсетеді. Респонденттердің айтуынша, лудомандардың 59,1%-ы олар үшін жай таныс адам болған. 19%-ы осындай адамдарды жақын достары деп көрсетсе, 15,9%-ы туысы екенін, ал 9,3%-ы әріптесі екенін мәлімдеген. Мұндай дерек лудомания мәселесінің респонденттердің жақын ортасынан гөрі, таныстары арасында жиі кездесетінін көрсетеді.

**№18 кесте.** «Мұндай адамдар сізге кім болып келеді?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                | %*   |
|--------------------------------|------|
| <b>Танысым</b>                 | 59,1 |
| <b>Жақын адамдар санатынан</b> | 19,0 |
| <b>Туысқаным</b>               | 15,9 |
| <b>Әріптесім</b>               | 9,3  |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>  | 2,0  |
| <b>Күйеуім/әйелім</b>          | 1,5  |
| <b>Балаларым</b>               | 1,3  |
| <b>Студенты</b>                | 0,2  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

Зерттеу нәтижелері бірнеше негізгі үрдісті анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Біріншіден, халықтың лудомания мәселесі туралы ақпараттандырылуы деңгейі салыстырмалы түрде төмен екені байқалды. Дегенмен осы терминмен таныс адамдар арасында негізгі ақпарат көзі әлеуметтік желілер болып отыр, бұл тәуелділік пен оның зардабы туралы ақпаратты таратуда олардың маңызды рөлін көрсетеді. Сонымен қатар дәстүрлі БАҚ, соның ішінде мемлекеттік телевидение мен газеттер осы бағытта жеткілікті деңгейде қолданылмай жүргені ықтимал. Екіншіден, респонденттер лудоманияға көбіне теріс көзқараста екенін көрсетті, мұны құмар

ойын бизнесін әлеуметтің қабылдауына қатысты көптеген дерек те растап отыр. Мұндай көзқарас тәуелділіктің өзін айыптауды, сондай-ақ оның жеке тұлғалар мен олардың отбасына тигізетін теріс салдарын түсінуді қамтиды.

Тағы бір айта кетері, 12%-дан астам респондент жеке басы лудомания мәселесімен ұшырасып, жақындары арасында тәуелділікпен бетпе-бет келгенін хабарлаған. Бұл дерек лудоманияның кең таралғанын және қазақстандық отбасылардың елеулі бөлігін қамтитынын көрсетеді әрі мәселені шешу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет екенін айқындайды. Сонымен қатар респонденттердің

88,5%-ы патологиялық ойын тәуелділігінен зардап шегіп жүрген кем дегенде бір адамды білетінін мәлімдеді, бұл қоғамда осы мәселенің ауқымдылығын көрсетіп отыр.

Осылайша, алынған деректер Қазақстандағы лудоманияның кең таралғанын және осы мәселені тереңірек зерттеу, алдын алудың және емдеудің тиімді шараларын әзірлеу қажет екенін айғақтап отыр. Сондай-ақ қоғам санасында құмар ойындарға деген тәуелділікке қатысты анық теріс көзқарас бар екенін растайды, ал бұл мемлекеттік реттеу және қоғамдық бастамалар деңгейінде одан әрі әрекет ету үшін негіз бола алады.

## ЛУДОМАНИЯНЫҢ ТАРАЛУЫН БАҒАЛАУ

Құмар ойындарға халықтың әуестеніп кетуінің себептері, ойын белсенділігінің мерзімділігі мен сипаты, сондай-ақ осы мәселеге байланысты басқа да аспектілер ерекше зерттеу қызығушылығын тудырады. Респонденттердің құмар ойындарға қаншалықты әуес екенін анықтау үшін оларға бос уақыты, құмар ойындарға қатысу тәжірибесі және осындай әрекетке итермелеген мотивациясы жайлы бірқатар сұрақ қойылды. Сауалнама нәтижесін талдау респонденттердің құмар ойындарға тартылуы деңгейінің төмен екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқандардың 75%-дан 99%-ға дейінгі бөлігі лотоматиктерде ешқашан ойнамағанын, тотализаторлар қызметін қолданбағанын, казино, букмекерлік


кеңселер мен ойын автоматтары залдарына бармағанын, сондай-ақ онлайн-казиноға қатыспағанын хабарлады. Жиналған дерек Қазақстан халқының айтарлықтай бөлігі құмар ойындардың кең таралғанына қарамастан осы қызмет түріне әуестенбегенін көрсетіп отыр. Бұл қызығушылықтың болмауына да, құмар ойындармен байланысты қауіп-қатер туралы жеткілікті хабардар болмауына да байланысты болуы мүмкін. Дегенмен нәтиже халықтың белгілі бір тобының құмар ойындарға әуестенуі деңгейінің жоғары болуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Сондықтан осы әрекетке қатысуға әсер ететін факторларды тереңірек талдау мақсатында қосымша зерттеулер жүргізген жөн.

№19 кесте. «Сіз бос уақытыңызда қаншалықты жиі...?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                           | Ешқашан | Сирек,<br>айына<br>1 реттен<br>артық емес | Аптасына<br>1-2 рет | Күн сайын,<br>бірақ бір<br>сағаттан<br>артық емес | Күн сайын,<br>күніне<br>бірнеше<br>сағаттан | Жауап<br>беруге<br>қиналамын |
|-----------------------------------------------------------|---------|-------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------------------|---------------------------------------------|------------------------------|
| ...лотоматик ойнайсыз                                     | 99,4    | 0,4                                       | 0,2                 | 0                                                 | 0                                           | 0,1                          |
| Тотализатор қызметін<br>қолданасыз                        | 99,3    | 0,3                                       | 0,2                 | 0                                                 | 0                                           | 0,3                          |
| Казиноға барасыз                                          | 99,2    | 0,7                                       | 0,2                 | 0                                                 | 0                                           | 0                            |
| Букмекерлік кеңсеге барасыз                               | 98,9    | 0,9                                       | 0,3                 | 0                                                 | 0                                           |                              |
| Ойын автоматтары залына<br>барасыз                        | 98,4    | 1,3                                       | 0,2                 | 0,1                                               | 0                                           | 0,1                          |
| Онлайн-казино ойнайсыз                                    | 98,4    | 1,3                                       | 0,2                 | 0,1                                               | 0                                           | 0,1                          |
| Лото ойнайсыз                                             | 97,4    | 2,1                                       | 0,4                 | 0,1                                               | 0                                           | 0,1                          |
| Спортқа тігіс қоясыз                                      | 97,1    | 2,1                                       | 0,7                 | 0,1                                               | 0,1                                         |                              |
| Құмар ойындар ойнайсыз                                    | 97      | 2,3                                       | 0,4                 | 0,1                                               | 0,2                                         | 0,1                          |
| Лотереяға қатысасыз                                       | 95,5    | 3,9                                       | 0,7                 | 0                                                 | 0                                           |                              |
| Видеоойындарға уақыт бөлесіз<br>(компьютер, ойын консолі) | 80,6    | 8,2                                       | 5,3                 | 2,8                                               | 2,8                                         | 0,4                          |
| Мобильді ойындар ойнайсыз                                 | 74,5    | 10                                        | 7,1                 | 5,9                                               | 2,4                                         | 0,1                          |

Жыныстық тұрғыдан алғанда әйелдер ерлерге қарағанда видеоойын ойнауға (компьютер немесе ойын консолі) әлдеқайда аз уақыт бөлетіні байқалады. Атап айтқанда, әйелдердің 86,9%-ы ешқашан бейне ойынды ойнамағанын көрсеткен, ал ерлер арасында бұл көрсеткіш 73,2%-ды құрады.

**№3 диаграмма.** «Сіз бос уақытыңызда қаншалықты жиі...?» деген сұраққа «видеоойындарда (компьютер, ойын консолі) уақыт өткізесіз» нұсқасының бөлінісі, жыныс бөлінісінде, %



Ойынға жұмсайтын қаржы көздеріне қатысты респонденттердің 43,4%-ы құмар ойындарға ақша салмайтынын және ақылы ойындар ойнамайтынын мәлімдеген. 24,8%-ы мұндай ойындарға қатысу үшін өзінің жалақысын жұмсайтынын, ал 6,7%-ы жинақтарын жұмсайтынын айтқан. Яғни сауалнамаға қатысушылардың едәуір бөлігі құмар ойындарға ақша жұмсамайды, бірақ кейбіреуі қазіргі табысын я жинақтарын құртады. Бұл құмар ойындардың халықтың белгілі бір топтары-

**№20 кесте.** «Ойындарға қатысу үшін қай қаржы көздерін жиі пайдаланасыз немесе пайдаландыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек №13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                           | %*   |
|-------------------------------------------|------|
| Мен ақылы ойындар ойнамаймын, қатыспаймын | 43,4 |
| Жалақы                                    | 24,8 |
| Жауап беруге қиналамын                    | 20,4 |
| Өз жинақтарымды, депозитті пайдаланамын   | 6,7  |
| Туыстардан қарыз алу                      | 2,0  |
| Несие                                     | 1,1  |
| Ломбардтар                                | 0,9  |
| Достардан қарыз алу                       | 0,9  |
| Микрокредиттер/онлайн-кредиттер           | 0,5  |
| Мүлікті сату                              | 0,5  |
| Қосымша табыс                             | 0,5  |
| Өз ақшам                                  | 0,3  |
| Зейнетақы                                 | 0,3  |
| Әріптестерден қарыз алу                   | 0,2  |
| Шайпұл                                    | 0,2  |
| Қалта ақшасы                              | 0,2  |
| Ата-анамнан аламын                        | 0,2  |
| Халық банктің бонустары                   | 0,2  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

на қаржылық ауыртпалық түсіретінін көрсетеді.

Респонденттердің құмар ойындарға жұмсайтын ақшалай салымдарының көлемі (25,4%), әдетте, айына 10 000 теңгеге дейінгі соманы құрайды. Сауалнамаға қатысқандардың 67,9%-ы осы сұраққа жауап беруге қиналған. Респонденттердің шағын бөлігі (4,2%) ай сайын ойындарға 10 мыңнан 50 мың теңгеге дейін жұмсай-

тынын көрсеткен. Мұндай дерек респонденттердің көбінің салыстырмалы түрде аз мөлшерде ақша жұмсайтынын, алайда құмар ойындарға айтарлықтай қаражат салуға дайын адамдардың аз ғана тобы бар екенін көрсетіп отыр.

**№21 кесте.** «Құмар ойындар мен бәс тігуге жұмсайтын айына орташа сомаңыз қанша?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек №13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                        | %    |
|----------------------------------------|------|
| 10 000 теңгеге дейін                   | 25,4 |
| 10 001 теңгеден 50 000 теңгеге дейін   | 4,2  |
| 50 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін  | 1,1  |
| 100 001 теңгеден 250 000 теңгеге дейін | 0,5  |
| 250 001 теңгеден 400 000 теңгеге дейін | 0,3  |
| 400 001 теңгеден бастап                | 0,6  |
| Жауап беруге қиналамын                 | 67,9 |

Құмар ойындардың кем дегенде бір түрімен айналысатынын көрсеткен респонденттерге осы әрекетке тартылу себептері туралы сұрақ қойылды. Ең көп жауап «қызығушылық» (10,9%) себебінен болған. Респонденттердің 7,5%-ы құмар ойындарға әуестігі кездейсоқ басталып кеткенін атап өтті. Сондай-ақ себептер арасында жарнама мен акциялардың әсері (5,8%), жылдам ақша табуға деген ұмтылыс (5%), достары мен таныстарының ұсыныстары (4,5%), стрессті жеңілдету және проблемалардан алшақтау (4,2%), спортқа қызығушылық (3,4%) атап өтілді. Бұл дерек құмар ойындарға әуестену жеке факторлармен қатар, қоршаған ортаның және маркетингтік ықпалдардың әсерінен де туындайтынын көрсетеді.

**№22 кесте.** «Сіз құмар ойындармен, лотереялармен, спорттық бәс тігумен қалай айналыса бастадыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек №13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                                   | %    |
|---------------------------------------------------|------|
| Мен құмар ойындарға қызықпаймын                   | 37,5 |
| Жауап беруге қиналамын                            | 20,1 |
| Қызығушылықтан                                    | 10,9 |
| Кездейсоқ                                         | 7,5  |
| Жарнаманы/акцияларды көру арқылы                  | 5,8  |
| Тез ақша табуға деген ұмтылыстың арқасында        | 5,0  |
| Достардың, таныстардың ұсынысы бойынша            | 4,5  |
| Стресті жеңілдету, қиындықтардан алшақтау үшін    | 4,2  |
| Спортқа деген қызығушылықтың әсерінен             | 3,4  |
| Бала кезден                                       | 0,3  |
| Уақытты кетіру үшін                               | 0,2  |
| Бұрын қызығушылық үшін ақшасыз ойнайтынмын        | 0,2  |
| Жұмыс сондай                                      | 0,2  |
| Телефоныма билет сатып алу туралы хабарлама келді | 0,2  |
| Бірнеше рет ойнадым                               | 0,2  |

Жас топтары бойынша деректерді талдау құмар ойындарға қатысуға итермелейтін факторлардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі екенін көрсетеді. Мысалы, 30–44 жас аралығындағы адамдарға достар мен таныстардың ұсыныстары айтарлықтай әсер етеді (7,6%). Бұл жас категориясы сондай-ақ жарнама ықпалына аса бейім келеді (9,2%) және жылдам ақша табу мақсатында құмар ойындарға жиі жүгінеді (7,1%). Өз кезегінде, 45–60 жас ара-

лығындағы респонденттер құмар ойындарға әуестенуінің себептері ретінде көбінесе «стресті жеңілдету және проблемалардан алшақтау» (7,4%) және «қызығушылықты» (13,2%) атап өтеді. 61 жастан асқан респонденттер арасында құмар ойындарды «кездейсоқ бастау» (13%) жиі айтылады. Бұл осы жастағы топтың құмар ойындарға тартылуының кездейсоқ немесе парқына бара бермейтін сипатта болуын көрсетуі мүмкін. Құмар ойындарға деген мотивация өмірлік кезеңдер мен жағдайларға байланысты құбылып отарады. Бұл әртүрлі жас тобына бағытталған неғұрлым мақсатты профилактикалық шараларды әзірлеудің қажет екенін айқындайды.

Респонденттерге құмар ойындарға

деген көзқарасын жақындарының қабылдауы тұрғысынан бағалау ұсынылды. Сауалнамаға қатысқандардың 42,5%-ы жақындары оларды құмар ойындарға шамадан тыс әуестенеді деп санамайтынын атап өтті. Респонденттердің арасында ықтимал лудомандар тобын 8,7% құрайды. Олардың 6,7%-ы жақындарының көзімен өзін құмар ойындарға шамадан тыс әуестенеді деп санайтынын айтты, ал 2,0%-ы «негізінен иә» деп жауап берді, яғни оларды солай қабылдауы мүмкін екенін білдірді. Осы дерек көрсеткендей, респонденттердің айтарлықтай бөлігі құмар ойындарға қатысты мәселе туындауы ықтимал екенін түсінеді, дегенмен олар осы мәселелерді өз өмірінде әрдайым мойындай бермейді.

**№23 кесте.** «Сіз құмар ойындармен, лотереялармен, спорттық бәс тігумен қалай айналыса бастадыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, % (бұл сұраққа тек № 13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                                  | 14–17<br>жас | 18–29<br>жас | 30–44<br>жас | 45–60<br>жас | 61 жас және<br>одан жоғары |
|--------------------------------------------------|--------------|--------------|--------------|--------------|----------------------------|
| Мен құмар ойындарға қызықпаймын                  | 48,0         | 38,3         | 31,5         | 37,2         | 37,0                       |
| Жауап беруге қиналамын                           | 23,5         | 22,8         | 19,0         | 15,7         | 17,4                       |
| Жарнаманы/акцияларды көрдім                      | 1,0          | 5,7          | 9,2          | 5,0          | 4,3                        |
| Қызығушылықтан                                   | 9,2          | 11,9         | 9,2          | 13,2         | 10,9                       |
| Достардың, таныстардың ұсынысы бойынша           | 3,1          | 3,6          | 7,6          | 3,3          | 2,2                        |
| Тез ақша табуға деген ұмтылыстан                 | 1,0          | 4,1          | 7,1          | 5,8          | 6,5                        |
| Спортқа деген қызығушылықтың әсерінен            | 0            | 2,6          | 5,4          | 5,0          | 2,2                        |
| Кездейсоқ                                        | 9,2          | 8,3          | 5,4          | 5,8          | 13,0                       |
| Стресті жеңілдету, проблемалардан алшақтау үшін  | 5,1          | 2,1          | 3,8          | 7,4          | 4,3                        |
| Бала кезден бастап                               | 0            | 0            | 1,1          | 0            | 0                          |
| Бұрын қызығушылықтан ақшасыз ойнайтынмын         | 0            | 0            | 0,5          | 0            | 0                          |
| Уақытты кетіру үшін                              | 0            | 0            | 0            | 0,8          | 0                          |
| Жұмыс сондай                                     | 0            | 0,5          | 0            | 0            | 0                          |
| Телефонға билет сатып алу туралы хабарлама келді | 0            | 0            | 0            | 0            | 2,2                        |
| Бірнеше рет ойнадым                              | 0            | 0            | 0            | 0,8          | 0                          |

**№24 кесте.** «Сіздің отбасыңыз, туыстарыңыз, достарыңыз сіз құмар ойындарды шамадан тыс ойнайсыз деп ойлай ма?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек № 13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                   | %    |
|-----------------------------------|------|
| <b>Иә</b>                         | 6,7  |
| <b>Негізінен иә</b>               | 2,0  |
| <b>Негізінен жоқ</b>              | 2,3  |
| <b>Жоқ</b>                        | 42,5 |
| <b>Мен шамадан тыс ойнамаймын</b> | 39,9 |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>     | 6,5  |

Респонденттер ойын тәуелділігіне байланысты алаңдаушылық танытпайтынын да атап өткен жөн. Сауалнамаға қатысқандардың 61,7%-ы алаңдаушылық деңгейін төмен деп бағалаған. Алайда 9,5%-ы ойын тәуелділігіне байланысты қатты алаңдайтынын көрсеткен.

**№25 кесте.** «5 балдық шкала бойынша ойын әрекетіне байланысты алаңдаушылық деңгейін бағалаңыз, 5 – жоғары деңгей, 1 – төмен деңгей» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек № 13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                               | %    |
|-------------------------------|------|
| <b>1 – төмен деңгей</b>       | 61,7 |
| <b>2</b>                      | 7,0  |
| <b>3</b>                      | 7,3  |
| <b>4</b>                      | 4,0  |
| <b>5 – жоғары деңгей</b>      | 9,5  |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b> | 10,4 |

Бұл ретте жыныстық тұрғыдан талдау көрсеткендей, әйелдердің құмар ойын-

дарға байланысты алаңдаушылық деңгейі ерлерге қарағанда төмен екен. Орташа индекс<sup>8</sup> бойынша ерлердің алаңдаушылық деңгейі 5 балдың ішінен 1,88 болса, әйелдерде бұл көрсеткішті 1,70 құрайды. №29 кесте бойынша орташа көрсеткіш 5 балдың ішінен 1,79-ға тең екенін атап өткен маңызды.

**№26 кесте.** «5 балдық шкала бойынша ойын әрекетіне байланысты алаңдаушылық деңгейін бағалаңыз, 5 – жоғары деңгей, 1 – төмен деңгей» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жыныс бөлінісінде, %

|                               | Ер   | Әйел |
|-------------------------------|------|------|
| <b>1 – төмен деңгей</b>       | 58,5 | 65,4 |
| <b>2</b>                      | 7,5  | 6,4  |
| <b>3</b>                      | 8,9  | 5,4  |
| <b>4</b>                      | 4,0  | 4,1  |
| <b>5 – жоғары деңгей</b>      | 10,4 | 8,5  |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b> | 10,7 | 10,2 |

Өздерінің ойын әрекеттерін бақылау үшін респонденттер көбіне «достарымен және отбасымен қарым-қатынас жасайтынын» (23,7%) атап өткен. Сауалнамаға қатысқандардың 13,1%-ы құмар ойындарға жұмсайтын уақытын қысқартуға тырысады, ал 12%-ы құмар ойындарға қолжетімділікті шектеу шараларын қабылдайды. Көп респондент өзінің ойын әрекеттерін бақылау қажет екенін түсінеді және құмар ойындарға қатысуын азайту үшін әлеуметтік және жеке стратегияларға жүгінеді.

Осылайша, сауалнама нәтижесі респонденттердің құмар ойындарға жалпы төмен деңгейде қатысатынын көрсетіп отыр. Құмар ойындарға қатысып көргендердің арасында негізгі себеп-

<sup>8</sup>Есептеу формуласы:  $y = [x(5)*5 + x(4)*4 + x(3)*3 + x(2)*2 + x(1)] / 100 - x(0)$ , мұндағы  $x(5)$  5 балл жауап бергендердің пайызы,  $x(4)$  4 балл жауап бергендердің пайызы,  $x(3)$  3 балл жауап бергендердің пайызы,  $x(2)$  2 балл жауап бергендердің пайызы,  $x(1)$  1 балл жауап бергендердің пайызы,  $x(0)$  жауап беруге қиналғандардың пайызы.

**№27 кесте.** «Ойын әрекетіңізді бақылау үшін қандай шаралар қолданасыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа тек № 13 сұрақта аталған кез келген ойындарды ойнайтын респонденттер жауап береді – 642 респондент)

|                                                                 | %*   |
|-----------------------------------------------------------------|------|
| Достарыммен және отбасыммен араласамын                          | 23,7 |
| Жауап беруге қиналамын                                          | 18,7 |
| Құмар ойын ойнамаймын                                           | 17,2 |
| Құмар ойынға кететін уақытты қысқартуға тырысамын               | 13,1 |
| Ойындарға қолжетімділікті шектеймін (мысалы сайттарды бұғаттау) | 12,0 |
| Ештеңе жасамаймын                                               | 8,9  |
| Психологпен кеңесемін                                           | 3,0  |
| Шамадан тыс ойнамаймын                                          | 2,8  |
| Медициналық мекемеге хабарласамын                               | 1,1  |
| Қажеттілік жоқ                                                  | 1,1  |
| Шаруашылық бойынша жұмыс                                        | 0,6  |
| Өзімді қадағалаймын                                             | 0,5  |
| Жұмыс істеймін                                                  | 0,5  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес


тер ретінде қызығушылық (10,9%) және кездейсоқ тартылу (7,5%) атап өтілген. Сонымен қатар респонденттердің айтарлықтай бөлігі жарнама мен акциялардың әсері (5,8%), жылдам ақша табуға деген

ұмтылыс (5,0%), достар мен таныстардың ұсыныстары (4,5%), стресті жеңілдету және проблемалардан алшақтау (4,2%), сондай-ақ спортқа деген қызығушылық (3,4%) сияқты себептерді көрсеткен.

## ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ


Осы бөлімде құмар ойын мен мобильді ойын ойнайтынын атап өткен 642 респондент жөнінде дерек ұсынылып отыр (сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 32,1%-ы). Олардың 46%-ы – әйелдер, ал 54%-ы – ерлер. Шартты түрде осы топ «ойыншылар» деп аталды.

№4 диаграмма. Респонденттердің жынысы, %



Респонденттердің арасында барлық жас тобы ұсынылған: «14–17 жас» – 15,3%, «18–29 жас» – 30,1%, «30–44 жас» – 28,7%, «45–60 жас» – 18,8%, «61 жас және одан жоғары» – 7,2%.


№5 диаграмма. Респонденттердің жасы, %



Ойыншылар арасында мынадай этностар бар: респонденттердің 66,5%-ы – қазақтар, 23,8%-ы – орыстар, 9,7%-ы – басқа этностардың өкілдері.

Білім деңгейі бойынша: «толық емес

№6 диаграмма. Этностық тиесілік, %



орта (мектептің 9 сыныбы)» – 11,8 %, «орта (мектептің 11 сыныбы)» – 19,6 %, «кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)» – 26,9 %, «аяқталмаған жоғары (ЖОО-да оқиды)» – 6,4%, «жоғары (ЖОО-ны аяқтаған)» – 34,1%, «жоғары және ғылыми дәреже (магистр, кандидат, доктор, PhD)» – 1,1%.

№28 кесте. Респонденттердің білім деңгейі, %

|                                                                  | %    |
|------------------------------------------------------------------|------|
| Аяқталмаған орта (мектептің 9 сыныбы)                            | 11,8 |
| Орта (мектептің 11 сыныбы)                                       | 19,6 |
| Кәсіптік-техникалық, арнаулы орта (колледж, училище)             | 26,9 |
| Аяқталмаған жоғары (ЖОО-да оқимын)                               | 6,4  |
| Жоғары (ЖОО-ны аяқтағанмын)                                      | 34,1 |
| Жоғары және ғылыми дәрежесі бар (магистр, кандидат, доктор, PhD) | 1,1  |

Отбасылық жағдайы тұрғысынан респонденттер мынадай арақатынаста ұсынылған: некеде тұрғандар – 47,4%, тіркелмеген некеде тұрғандар – 2,2%, бойдақтар – 46,4%, ажырасқандар – 2%, жесірлер – 1,7%.

**№29 кесте.** Респонденттердің отбасылық жағдайы, %

|                              | %    |
|------------------------------|------|
| Үйленгенмін/тұрмыс құрғанмын | 47,4 |
| Бойдақпын/тұрмыс құрмағанмын | 46,4 |
| Тіркелмеген некеде тұрамын   | 2,2  |
| Ажырасқанмын                 | 2,0  |
| Жесірмін                     | 1,7  |
| Жауап беруге қиналамын       | 0,3  |

Респонденттердің 49,4%-ының баласы жоқ, 15,1%-ында – бір бала, 19,5%-ында – екі бала, 6,4%-ында – үш бала, 9,7%-ында – төрт және одан көп бала бар.

**№30 кесте.** Респонденттердің баласы саны, %

|                    | %    |
|--------------------|------|
| Бала жоқ           | 49,4 |
| Екі                | 19,5 |
| Бір                | 15,1 |
| Төрт және одан көп | 9,7  |
| Үш                 | 6,4  |

Респонденттердің үй шаруашылығының жиынтық табысы 15,9%-ында – 100 мың теңгеге дейін, 28,3%-ында – 250 мың теңгеге дейін, 25,5%-ында – 400 мың теңгеге дейін, 16%-ында – 550 мың теңгеге дейін, 7,5%-ында –

**№31 кесте.** Үй шаруашылығының жиынтық табысы, %

|                        | %    |
|------------------------|------|
| 100 000 теңгеге дейін  | 15,9 |
| 100 000–250 000 теңге  | 28,3 |
| 250 000–400 000 теңге  | 25,5 |
| 400 000–550 000 теңге  | 16   |
| 550 000–700 000 теңге  | 7,5  |
| 700 000 теңгеден артық | 6,7  |

**№32 кесте.** Респонденттердің қызмет саласы, %

|                                                                | %    |
|----------------------------------------------------------------|------|
| Жұмыс істемеймін                                               | 17,6 |
| Қызмет көрсету саласының қызметкері                            | 12,0 |
| Ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру саласының маманы | 10,1 |
| Сауда қызметкері                                               | 7,9  |
| Бизнесмен, кәсіпкер                                            | 7,0  |
| Мемлекеттік қызметкер                                          | 6,7  |
| Студент                                                        | 6,7  |
| Құрылыс саласының қызметкері                                   | 4,7  |
| Өзін-өзі жұмыспен қамтыған, фрилансер                          | 4,7  |
| Қаржы саласының маманы (банктер, бухгалтерия және т. б.)       | 3,3  |
| Зейнеткер                                                      | 3,0  |
| Уақытша жұмыссызбын немесе декреттік демалыстамын              | 2,8  |
| Тұрақты жұмысым жоқ, әр жерде жұмыс істеймін                   | 2,6  |
| Техникалық персонал (күзетші, вахтер, техник және т.б.)        | 2,0  |
| Оқимын                                                         | 2,0  |
| Ауыл шаруашылығы қызметкері                                    | 1,2  |
| Жауап беруге қиналамын                                         | 1,1  |
| БАҚ қызметкері                                                 | 0,9  |
| Өнеркәсіп, өндіріс                                             | 0,8  |
| ІТ                                                             | 0,5  |
| Телекоммуникациялар                                            | 0,5  |
| Мүгедектігіме байланысты жұмыс істемеймін                      | 0,3  |
| Заңгер                                                         | 0,2  |
| Энергетика                                                     | 0,2  |
| Экономикалық қауіпсіздік                                       | 0,2  |
| ЖЭО                                                            | 0,2  |
| Көлік                                                          | 0,2  |
| Типография                                                     | 0,2  |
| Жылу механигі                                                  | 0,2  |
| Ресторан, кафе                                                 | 0,2  |
| Зауыт жұмысшысы                                                | 0,2  |
| Карьердегі жұмыс                                               | 0,2  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

700 мың теңгеге дейін және 6,7%-ында 700 мың теңгеден жоғары.

Қызмет саласы бойынша түрлі бағыттағы қызметкерлер қамтылған – қызмет көрсету саласының қызметкерлері (12%),

ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі білім беру саласының мамандары (10,1%), сауда қызметкерлері (7,9%), кәсіпкерлер (7%) мемлекеттік қызметшілер (6,7%) және т.б.

## ЛУДОМАНИЯНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы және смартфондардың кең аудиторияға қолжетімді бола түсуі онлайн-казино мен тотализаторлардың таралу қатерін едәуір арттырып жіберді, сондай-ақ оларды әртүрлі интернет-платформада белсенді жарнамалауға жаңа дем берді. Халықаралық зерттеулер бойынша<sup>9</sup>, лудомания басқа да әлеуметтік және экономикалық салдармен, мысалы, жұ-

психикалық саулығын жоғары бағалап отыр. Мысалы, респонденттердің 56,2%-ы физикалық саулығын жақсы деп санайды, ал 61,5%-ы ментал жағдайын қанағаттанарлық немесе орташа деңгейден жоғары деп бағалаған. Физикалық саулығына «4» (орташа деңгейден жоғары) деген баға бергендер – 27,1%, ал ментал саулығына осындай баға бергендердің үлесі – 24,5%.

**№33 кесте.** «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5 баллға дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                        | 1   | 2   | 3    | 4    | 5    | Жауап беруге қиналамын |
|------------------------|-----|-----|------|------|------|------------------------|
| Жалпы физикалық саулық | 1,2 | 1,6 | 13,9 | 27,1 | 56,2 | 0,1                    |
| Ментал саулық          | 0,8 | 1,5 | 11,2 | 24,5 | 61,5 | 0,8                    |

мыссыздық, кедейлік, ажырасу, қылмыс, нашақорлық, несиелік қарыздар және т. б. тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Сондықтан ойынға тәуелді болудың дамуына ықпал ететін факторларды тереңірек зерттеу қажет, бұл алдын алу және емдеу стратегияларын тиімді әзірлеуге мүрсат береді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің денсаулық жағдайына келсек, олардың көбі өзінің физикалық және

Респондент неғұрлым жас болса, жалпы физикалық жағдайын соғұрлым жоғары бағалайды. 14 пен 17 жас аралығындағы респонденттердің 75,8%-ы өзінің физикалық саулығын «өте жақсы» деп бағалаған, ал 61 жастан асқандардың арасында бұл көрсеткішті 32,6% құрайды. 30 бен 44 жас аралығындағы жас санаты өзінің физикалық саулық жағдайын шамамен жартысынан астам жағдайда (58,2%) «өте жақсы» деп бағалайды.

**№34 кесте.** «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5 баллға дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (физикалық саулық)» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                        | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| 1 – өте нашар          | 0,5       | 0,7       | 0,8       | 1,7       | 2,0                     |
| 2                      | 0,5       | 0,5       | 1,2       | 1,9       | 4,3                     |
| 3                      | 2,2       | 7,1       | 10,3      | 16,1      | 34,2                    |
| 4                      | 20,9      | 23,4      | 29,3      | 30,1      | 27,0                    |
| 5 – өте жақсы          | 75,8      | 68,3      | 58,2      | 50,1      | 32,6                    |
| Жауап беруге қиналамын | 0         | 0         | 0,2       | 0,2       | 0                       |

<sup>9</sup>Somtip Watanapongvanich, Punjapol Binnagan, Pongpat Putthinun, Mostafa Saidur Rahim Khan, and Yoshihiko Kadoya. Financial literacy may reduce gambling frequency: Evidence from Japan. 2010. [https://www.greo.ca/Modules/EvidenceCentre/files/Watanapongvanich%20et%20al%20\(2020\)\\_Financial%20literacy%20and%20gambling%20behavior\\_final.pdf](https://www.greo.ca/Modules/EvidenceCentre/files/Watanapongvanich%20et%20al%20(2020)_Financial%20literacy%20and%20gambling%20behavior_final.pdf)

Осындай тенденция ментал саулыққа да қатысты: жасы неғұрлым кіші болса, ментал саулық деңгейін «өте жақсы» деп бағалайтындардың үлесі соғұрлым жоғары. Осылайша, 14 пен 17 жас аралығындағы респонденттер 78% жағдайда «5»-ке, ал 61 жастан жоғарылары 39,8% жағдайда «5»-ке бағалады.

Одан бөлек тұрғылықты жерінің түріне байланысты өзінің физикалық саулығын қабылдауда кейбір айыр-


машылық бар. Ауыл тұрғындарының 65,2%-ы өзінің физикалық саулығын «өте жақсы» деп бағалады (бұл ретте физикалық саулықты жақсы деп бағалаған қала тұрғындарының үлесі – 50,6%).

Дәл осындай ерекшелік ментал саулықты бағалауға да тән: ментал саулығын жоғары бағалайтын ауыл тұрғындарының үлесі – 69,1%, ал қала тұрғындарының үлесі – 56,7%.


**№35 кесте.** «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5 балға дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (менталды саулық)» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                        | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| 1 – өте нашар          | 0         | 0,2       | 0,5       | 1,5       | 1,3                     |
| 2                      | 1,1       | 0,2       | 1,5       | 1,0       | 3,9                     |
| 3                      | 3,8       | 7,6       | 9,5       | 10,9      | 24,3                    |
| 4                      | 16,5      | 18,6      | 25,0      | 29,4      | 28,6                    |
| 5 – өте жақсы          | 78,0      | 73,1      | 63,2      | 56,2      | 39,8                    |
| Жауап беруге қиналамын | 0,5       | 0,2       | 0,3       | 1,0       | 2,0                     |

**№7 диаграмма.** «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5 балға дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (физикалық саулық)» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, тұрғылықты жерінің түрі бойынша, %



**№8 диаграмма.** «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5 балға дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы (менталды саулық)» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, тұрғылықты жерінің түрі бойынша, %



Келесі сұрақтар бөлімі респонденттердің өмірге қанағаттануының жалпы деңгейін және әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтауға бағытталды. Жалпы респонденттердің 71,5%-ы өміріне, 55,8%-ы жұмысына, 46,2%-ы жалақы деңгейіне көңілі толып отыр. Респонденттердің ең үлкен наразылығы сыйақы аспектісіне байланысты болды, онда респонденттердің 6,8%-ы көңілі толмайтынын білдірді. Яғни жалпы өмірлік қанағаттану деңгейі мен қаржылық жағдайға қанағаттану арасында айтарлықтай алшақтық бар. Бұл дерек өмірге деген қанағат тек қаржылық жағдайды бағалаумен өлшенбейтінін және басқа да параметрлерді қамтитынын көрсетуі мүмкін.

Респонденттердің жасы үлкен болған сайын өміріне толық көңілі толға-

нын соншалық аз атап өткені байқалды.

Респонденттердің қаржылық тұрақтылық деңгейін анықтау айтарлықтай өзгешелік барын көрсетіп отыр. Сауалнамаға қатысқандардың 26,1%-ы өзінің қаржылық тұрақтылығын жоғары деп атап өтсе, 31,1%-ы «4» (орташадан жоғары) деп бағалады. Ал 27,3%-ы қаржылық жағдайын орташа деп есептесе, 7%-ы төмен деп бағалады.

Сонымен қатар табыс деңгейі мен қаржылық тұрақтылықты қабылдау арасында оң байланыс бар. Осылайша, кірісі 700 мың теңгеден асатын респонденттердің 38%-ы қаржылық тұрақтылығын 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша максимум балға (5 балл) бағалады.

Осылайша, респонденттердің өмірге қанағаттану деңгейіне қатысты жауап-

**№36 кесте.** «Қанағаттану деңгейіңізді 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – толығымен қанағаттанбаймын, 5 – толығымен қанағаттанамын» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                          | 1   | 2   | 3    | 4    | 5    | Жауап беруге қиналамын |
|--------------------------|-----|-----|------|------|------|------------------------|
| <b>Өмірге</b>            | 2,0 | 0,7 | 6,7  | 19,1 | 71,5 | 0,2                    |
| <b>Жұмысқа</b>           | 2,9 | 1,8 | 9,7  | 20,3 | 55,8 | 9,6                    |
| <b>Еңбекақы төлеміне</b> | 6,8 | 4,5 | 16,3 | 17,2 | 46,2 | 9,2                    |

**№37 кесте.** «Қанағаттану деңгейіңізді 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, 1 – толық қанағаттанбаймын, 5 – толық қанағаттанамын» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                                   | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан да көп |
|-----------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| <b>1 – толық қанағаттанбаймын</b> | 0         | 1,1       | 1,5       | 2,9       | 3,6                     |
| <b>2</b>                          | 0         | 0,7       | 0,7       | 0,6       | 1,3                     |
| <b>3</b>                          | 2,2       | 4,1       | 6,2       | 7,5       | 12,5                    |
| <b>4</b>                          | 11,5      | 16,6      | 19,2      | 20,5      | 25,0                    |
| <b>5 – толық қанағаттанамын</b>   | 86,3      | 77,5      | 72,0      | 68,5      | 57,6                    |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>     | 0         | 0         | 0,5       | 0         | 0                       |

тары қоғамда белгілі бір қанағаттанбаушылық бар екенін көрсетеді. Респонденттердің 71,5%-ы өміріне, 55,8%-ы жұмысына қанағаттанғанымен, тек 46,2%-ы еңбекақысын қанағаттанарлық деп санайды. Ең үлкен наразылық жалақыға байланысты болып отыр, оған респонденттердің 6,8%-ы қанағаттанбайтынын білдірген. Респонденттердің қаржылық тұрақтылық деңгейі де біркелкі емесін көрсетіп отыр. Респонденттердің төрттен бір бөлігінен астамы ғана (26,1%) өзінің қаржылық тұрақтылығын

**№38 кесте.** «Сіздің қаржылық тұрақтылық деңгейіңізді 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз, 5 – жоғары, 1 – төмен» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                               | %    |
|-------------------------------|------|
| <b>1 – төмен</b>              | 7,0  |
| <b>2</b>                      | 4,9  |
| <b>3</b>                      | 27,3 |
| <b>4</b>                      | 31,1 |
| <b>5 – жоғары</b>             | 26,1 |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b> | 3,7  |

**№39 кесте.** «Сіздің қаржылық тұрақтылық деңгейіңізді 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз, 5 – жоғары, 1 – төмен» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                               | 100 000<br>теңгеге дейін | 100 000–<br>250 000 теңге | 250 000–<br>400 000 теңге | 400 000–<br>550 000 теңге | 550 000–<br>700 000 теңге | 700 000 теңге-<br>ден артық |
|-------------------------------|--------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|-----------------------------|
| <b>1 – төмен</b>              | 16,1                     | 9,3                       | 4,0                       | 2,0                       | 1,6                       | 2,8                         |
| <b>2</b>                      | 5,9                      | 6,3                       | 5,3                       | 2,0                       | 1,6                       | 2,8                         |
| <b>3</b>                      | 31,5                     | 32,8                      | 26,3                      | 23,2                      | 16,8                      | 12,0                        |
| <b>4</b>                      | 17,7                     | 25,7                      | 35,3                      | 43,0                      | 37,6                      | 38,0                        |
| <b>5 – жоғары</b>             | 21,3                     | 23,0                      | 26,1                      | 28,0                      | 38,4                      | 38,0                        |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b> | 7,5                      | 2,9                       | 2,9                       | 1,7                       | 4,0                       | 6,5                         |

жоғары деп бағалады, ал 31,1%-ы «4» деп бағалаған (орташадан жоғары). Респонденттердің 27,3%-ы қаржылық жағдайын орташа деп есептесе, 7%-ы төмен деп бағалады. Бұл нәтижелер ха-

лықтың қаржылық жағдайында елеулі айырмашылық барын көрсетіп, өмір сапасына әсер етуі мүмкін әлеуетті әлеуметтік-экономикалық мәселе барын меңзейді.

## КӘСІБИ КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Лудоманияның профилактикасы мен оны емдеудің маңызды аспектісі – құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетін адамдарға көмек көрсететін арнаулы орталықтарды дамыту. Қазіргі қолдау шараларының тиімділігін және қажетті көмекке қол жеткізуді бағалауда мұндай мекемелер туралы халықтың хабардар болуы деңгейі шешуші рөл атқарады. Зерттеудің бір бөлігі ретінде респонденттердің құмар ойындарға тәуелділік жағдайында медициналық және психологиялық көмек алу мүмкіндіктері туралы қаншалықты хабардар екенін анықтау маңызды болды. Нәтижелер респонденттердің көбі (67,0%) осындай арнаулы мекемелер туралы ақпарат білмейтінін көрсетті. Респонденттердің тек 23,1%-ы құмар ойындарға тәуелділіктен көмек алатын орындар туралы хабардар екенін білдірді.

**№40 кесте.** «Құмар ойындарға тәуелділік анықталған жағдайда медициналық және психологиялық көмекті қайдан алуға болатынын білесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                     | %    |
|-------------------------------------|------|
| Иә, білемін                         | 23,1 |
| Жоқ, білмеймін, бірақ білгім келеді | 8,0  |
| Жоқ, білмеймін                      | 67,0 |
| Жауап беруге қиналамын              | 2,0  |

Респонденттердің пікірінше, лудоманияға қарсы күресудің ең тиімді шаралары: психологқа қаралып емделу, осыны респонденттердің 52,3%-ы қолдады, сондай-ақ туыстары мен достарының қолдауын респонденттердің 44,7%-ы көрсетті. Одан бөлек респонденттердің айтарлықтай бөлігі (30,0%) ойын бизнесіне қол жеткізуге тыйым салуды көздейтін заңнамалық шаралар қабылдағанды маңызды деп санайды. Бұл тұжырымдар жеке психологиялық қолдауды да, қоғамдастық тарапынан қолдауды да қамтитын мәселелерді шешуге кешенді тәсіл қолданғанның маңыздылығын және құмар ойындарға қол жеткізуді шектеу үшін тиімді заңнамалық шаралардың қажет екенін көрсетеді.

Бүгінгі таңда құмар ойындар жарнама-сының кең таралуы қоғамның қабылдауына және лудоманияға тартылуына елеулі әсер ететін маңызды факторға айналып отыр. Сыртқы жарнамаларға заңнамалық тыйым салынғанға дейін қалаларда құмар ойындар мен букмекерлік кеңселердің жарнамалық билбордтарын көруге болатын. Сонымен қатар түрлі веб-сайтта фильмдер мен сериалдарды көру кезінде букмекерлік компаниялардың жарнамалық роликтері жиі көрсетіледі, бұл құмар ойындардың танымалдығының артуына ықпал етеді. Құмар ойындардың жарнамасының адамдарға әсерін азайту үшін

**№41 кесте.** «Құмар ойындарға тәуелділік анықталған жағдайда медициналық және психологиялық көмекті қайдан алуға болатынын білесіз бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                                     | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан да көп |
|-------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Иә, білемін                         | 24,7      | 29,7      | 22,3      | 23,6      | 13,2                    |
| Жоқ, білмеймін, бірақ білгім келеді | 8,8       | 7,8       | 7,8       | 9,0       | 6,6                     |
| Жоқ, білмеймін                      | 63,7      | 60,5      | 67,8      | 66,6      | 77,3                    |
| Жауап беруге қиналамын              | 2,7       | 2,1       | 2,0       | 0,8       | 3,0                     |

**№42 кесте.** «Ойынға тәуелділік мәселесі бар адамдарға не көмектесе алады деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                                                       | %*   |
|---------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Психологқа қаралып емдеуден өту                                                       | 52,3 |
| Жақындары мен достарының қолдауы                                                      | 44,7 |
| Заңнамалық шаралар (мысалы құмар ойындарға қол жеткізуге тыйым салу)                  | 30,0 |
| Рухани тәжірибелер (мешітке/шіркеуге бару, имамдардан/діни қызметкерлерден кеңес алу) | 18,9 |
| Дәрі-дәрмекпен емделу                                                                 | 9,8  |
| Ұйымдар (сенім телефондары және т. б.)                                                | 7,0  |
| Ештеңе көмектеспейді                                                                  | 1,4  |
| Жауап беруге қиналамын                                                                | 1,0  |
| Өз бетінше                                                                            | 0,4  |
| Аталғандардың бәрі                                                                    | 0,4  |
| Жұмыс                                                                                 | 0,2  |
| Жарнамаларды өшіру                                                                    | 0,2  |
| Физикалық еңбек                                                                       | 0,1  |
| Электр қуаты жоқ орманға апару                                                        | 0,1  |
| Спорт                                                                                 | 0,1  |
| Жалақыны арттыру                                                                      | 0,1  |
| Ойындардан алшақтататын хоббидің болуы                                                | 0,1  |
| Пайдалы іспен, оқумен, еңбекпен айналысу                                              | 0,1  |
| Арнайы мекемелерде орналастыру                                                        | 0,1  |
| Адамның әл-ауқаты                                                                     | 0,1  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

респонденттер мынадай шараларды қабылдау қажет деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (64,4%) осы саладағы заңдарды қатаңдату маңызды деп есептейді, ал 41,8%-ы медиадағы жарнамаларды шектеуді қолдайды. Сондай-ақ көп респондент (22,0%) жастар аудиториясына арналған жарнамаларға қолжетімділікті шектеуді ұсынады, бұл

жас ұрпақтың зиянды әдет қалыптастыруының алдын алуға мүрсат береді. Сол сияқты, олар лудоманияның пайда болуын ерте алдын алу шараларын күшейтуді (22,7%) және құмар ойындардың қауіп туралы халықты ақпараттандыру деңгейін арттыруды (11,4%) бірдей маңызды деп санайды.

**№43 кесте.** «Құмар ойындар жарнамасының әсерін азайту үшін қандай шаралар қабылдау қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                                     | %*   |
|---------------------------------------------------------------------|------|
| Заңнаманы күшейту                                                   | 64,4 |
| Медиадағы жарнаманы шектеу                                          | 41,8 |
| Құмар ойындарға тәуелділіктің ерте алдын алу шараларын күшейту      | 22,7 |
| Жастарға жарнамаға қол жеткізуге шектеулер енгізу                   | 22,0 |
| Құмар ойындарының тәуекелдері туралы хабардарлықты арттыру          | 11,4 |
| Құмар ойындардың түрлері жайлы хабардарлықты арттыру (заңды/заңсыз) | 7,9  |
| Аталғандардың бәрі                                                  | 0,7  |
| Жауап беруге қиналамын                                              | 0,7  |
| Құмар ойындардың жарнамасы метрода, көшеде толығымен болмауы керек  | 0,3  |
| Ештеңе көмектеспейді                                                | 0,3  |
| Жауапкершілікке тарту, оны жасағандарды отырғызу                    | 0,2  |
| Барлық клубты жабу                                                  | 0,2  |
| Бұл адамның құқығы, әркімнің өз таңдауы бар                         | 0,1  |
| Жастармен жұмыс жасау                                               | 0,1  |
| Көбірек жұмыс істеу                                                 | 0,1  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

Өңірлер бөлінісі тұрғысынан алғанда құмар ойындар жарнамасына қарсы заңнаманы қатаңдату шараларының тиімділігіне деген көзқарастың айырмашылығы да байқалады. Заңнаманы

**№44 кесте.** «Құмар ойындар жарнамасының әсерін азайту үшін қандай шаралар қабылдау қажет деп ойлайсыз?» деген сұраққа «заңнаманы қатаңдату» жауабының бөлінісі, өңірлер бөлінісінде, %

|                            | %    |
|----------------------------|------|
| Ұлытау облысы              | 77,3 |
| Ақтөбе облысы              | 77,2 |
| Қызылорда облысы           | 74,7 |
| Жамбыл облысы              | 71,8 |
| Қостанай облысы            | 71,7 |
| Маңғыстау облысы           | 69,0 |
| Астана қ.                  | 68,5 |
| Атырау облысы              | 68,2 |
| Ақмола облысы              | 67,9 |
| Батыс Қазақстан облысы     | 67,6 |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 67,5 |
| Түркістан облысы           | 66,8 |
| Жетісу облысы              | 65,2 |
| Шымкент қ.                 | 64,3 |
| Қарағанды облысы           | 62,3 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 60,0 |
| Алматы қ.                  | 58,6 |
| Алматы облысы              | 58,0 |
| Абай облысы                | 44,4 |
| Павлодар облысы            | 36,6 |

қатаңдату қолдайтын респонденттердің ең көп үлесі Ұлытау облысында тіркеліп отыр (77,3%). Сондай-ақ бұл көрсеткіш Ақтөбе (77,2%), Қызылорда (74,7%), Жамбыл (71,8%) және Қостанай (71,7%) облыстарында да жоғары. Осы аталған өңірлерде құмар ойындар жарнамасының әсеріне қатысты алаңдаушылықтың жоғары деңгейін және заңнамалық шаралардың тиімділігіне деген сенімділік бар екенін меңзейді. Дегенмен кейбір өңірде, мәселен, Павлодар (36,6%) және Абай (44,4%) облыстарында респонденттер құмар ойындар жарнамасының таралуына қарсы негізгі шара ретінде заңнаманы қатаңдату аз дәрежеде қолдайды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің лудоманияны ауру емес, ең алдымен, психологиялық проблема ретінде қабылдайтынын көрсетіп отыр. Мұны сұралғандардың көбі лудоманияға қарсы күрестің ең тиімді әдісі ретінде психологқа жүгінуді (52,3%) және жақындары мен достарының қолдауын (44,7%) санайтынымен түсіндіруге болады. Осындай жауаптар қоғамның лудоманияны психоэмоциялық қолдауды және мамандардың араласуын қажет ететін тәуелділік ретінде қарастыруға бейім екенін айғақтайды.

Одан бөлек респонденттер құмар ойындарға қолжетімділікті шектеу сияқты заңнамалық шаралар қабылдаудың да маңызды екенін алға тартады (30,0%); бұл халықты құмар ойындардың зардабынан қорғау үшін мемлекеттік бақылаудың қажеттілігін түсінетінін көрсетеді.

Құмар ойындарды жарнамалаудың әсеріне қатысты көптеген респондент заңнаманы қатаңдату қажеттілігін (64,4%) және медиадағы жарнамаларды шектеуді (41,8%) қолдайды. Бұл құмар ойындардың қауіпі туралы қоғамды ақпараттандырудың маңыздылығын және осы мәселеде қатаң реттеуге деген ұмтылысты айқындайды. Жастар аудиториясына арналған жарнамаларға қолжетімділікті шектеу (22,0%) және ерте профилактика шараларын күшейту (22,7%) ұсыныстары да маңызды, өйткені олар жастардың құмар ойындарға әуестеніп кетуі ықтималдығын азайтуға көмектесуі мүмкін.

Кейбір респондент (11,4%) құмар ойындардың қауіп-қатері жайлы хабардарлықты арттыру лудоманияның белең алып кетуін болдырмаудың негізгі қадамы деп санайды, бұл оқу-ағарту кампанияларын ұйымдастыру және құмар ойындарға әуес болғанның ықтимал зардабы жайлы ақпарат таратудың қажеттілігін көрсетеді.

Кейбір респондент (11,4%) құмар ойындардың қауіп-қатері жайлы хабардарлықты арттыру лудоманияның белең алып кетуін болдырмаудың негізгі қадамы деп санайды, бұл оқу-ағарту кампанияларын ұйымдастыру және құмар ойындарға әуес болғанның ықтимал зардабы жайлы ақпарат таратудың қажеттілігін көрсетеді.

## ЗАҢСЫЗ ҚҰМАР ОЙЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Заңсыз құмар ойындардың таралуы контекстінде осы сервистің қолайлы болуы және заңсыз құмар ойын орындарын жазғыру деңгейі жайлы қоғамдық пікір ерекше өзекті. Сауалнама нәтижелері тігістердің әртүрлі іс-шараға рұқсат етілуі мәселесі бойынша қоғамдық пікірдің бөлініп тұрғанын көрсетті. Респонденттердің 39,5%-ы тігіс қою тек ресми спорттық іс-шараларға рұқсат етуге болады деп санайды. Бұл пікір тігіс қоюды бақыланатын, лицензияланған жүйелер шеңберінде заңдастыру мен реттеуді қолдайтынын көрсетеді<sup>10</sup>. Бұл көзқарас құмар ойындар саласындағы мемлекет тарапынан бақылаудың және қатысушыларды заңсыз әрекеттерден қорғаудың маңыздылығын түсінгеніне байланысты.

Алайда респонденттердің 12,9%-ы тігістерді кез келген іс-шараларға рұқсат етуге болады деп санайды, бұл құмар ойындарға қатысты неғұрлым либерал көзқарас барын көрсетеді. Бұл топ құмар ойындар нарығының мемлекеттік араласуы аз, неғұрлым еркін болуы мүмкін деген пікір білдіреді. Дегенмен сауалнамаға қатысқандардың айтарлықтай бөлігі (22,0%) кез келген тігіске қарсы және барлық түрдегі құмар ойындарға толық тыйым салуды талап етеді. Бұл респонденттер кез келген құмар ойын қауіп-қатерге әкеледі деп есептейді және осыған байланысты қатаң шектеулер енгізіп, бұл қызметті тоқтату қажет деп санайды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің едәуір бөлігі (77,6%) елде заңсыз онлайн-казинолар, казинолар, слоттар және букмекерлік кеңселердің бар екеніне сенімді екенін көрсетеді. Сауал-

**№45 кесте.** «Сіздің ойыңызша, адамдар тек ресми спорттық іс-шаралардың нәтижелеріне тігіс қою керек пе немесе тігіс қою кез келген оқиғаларға қатысты (мысалы, ауа-райы болжамы, сайлау нәтижелері және т. б.) жасалуы мүмкін бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                                                                    | %    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Менің ойымша, тек спорттық іс-шаралардың нәтижелеріне және тек ресми іс-шараларға тігіс қоя аласыз | 39,5 |
| Жауап беруге қиналамын                                                                             | 25,7 |
| Мен тігістерге қарсымын, барлық тігістерге тыйым салу керек                                        | 22,0 |
| Тігіс қоюдың, кез келген қызығушылық тудыратын оқиғаларға/іс-шараларға бәс тігудің еш зияны жоқ    | 12,9 |

намаға қатысқандардың жартысынан астамы (50,8%) мұндай заңсыз қызмет түрлері Қазақстанның барлық аумағында, ірі қалаларда да, шағын елді мекендерде де кең таралған деп есептейді. Тағы 26,8%-ы заңсыз құмар ойындар тек ірі қалаларда кездеседі деп санайды, бұл олардың осындай операцияларға қолайлы урбанизацияланған аудандарда шоғырланғанын көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың тек 6,8%-ы мұндай қызметтердің елде заңнамалық тыйым салынғандықтан жоқ екеніне сенімді, бұл халықтың басым бөлігінің заңсыз құмар ойындарға қарсы қолданыстағы шаралардың тиімділігіне күмәнмен қарайтынын білдіреді.

Заңсыз ойын бизнесінің бар-жоғын қабылдау туралы мәліметтер жас топтары бойынша талданғанда, әртүрлі жастағы респонденттердің көбі заң-

<sup>10</sup>Ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2024 жылғы 9 қазандағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 10 қазанда № 35240 болып тіркелді.

**№46 кесте.** «Қазақстанда заңсыз онлайн-казино/казино, слоттар, букмекерлер (ойын бизнесін ұйымдастырушылар) бар деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                   | %    |
|---------------------------------------------------|------|
| Олар елдің барлық өңірінде бар                    | 50,8 |
| Олар бар, бірақ тек елдің ірі қалаларында         | 26,8 |
| Жауап беруге қиналамын                            | 15,6 |
| Олар жоқ, өйткені бұл қызмет түрі қатаң бақылауда | 6,8  |

ры) арасында осындай пікірді ұстана-тындар үлесі ең аз (41,1%), бұл олардың осы мәселеге қызығушылығының төмендігін немесе хабардарлығының азын көрсетуі мүмкін. Осылайша, барлық жас санатындағы респонденттердің басым бөлігі заңсыз ойын орындарының ба-рынан хабардар.

Респонденттердің басым бөлігі заңсыз құмар ойын қызметтерін қоғам үшін де, жеке өмір үшін де елеулі қауіп ретінде қабылдайды. Респонденттердің 85,5%-ының пікірінше бұл қызметтер қоғамға

**№47 кесте.** «Қазақстанда заңсыз онлайн-казино/казино, слоттар, букмекерлер (ойын бизнесін ұйымдастырушылар) бар деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                                                   | 14-17 жас | 18-29 жас | 30-44 жас | 45-60 жас | 61 жас және одан да көп |
|---------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Олар елдің барлық өңірінде бар                    | 48,4      | 54,3      | 54,7      | 49,9      | 41,1                    |
| Олар бар, бірақ тек елдің ірі қалаларында         | 26,4      | 26,4      | 25,0      | 25,7      | 32,9                    |
| Олар жоқ, өйткені бұл қызмет түрі қатаң бақылауда | 7,1       | 6,4       | 5,5       | 7,7       | 8,2                     |
| Жауап беруге қиналамын                            | 18,1      | 12,9      | 14,8      | 16,7      | 17,8                    |

сыз құмар ойындардың кең таралға-нына сенімді екенін көрсетіп отыр. Елдің барлық өңірінде заңсыз ойын орындары бар деп санайтындардың ең көп үлесі 30–44 жас аралығындағы респонденттерге (54,7%) және 18–29 жас аралығындағы респонденттерге (54,3%) тиесілі. Бұл топтардың заңсыз қызметтің ауқымы туралы хабардар-лығы жоғары. Бұл олардың осы мәселе бойынша неғұрлым белсенді қатысуы немесе хабардарлығының жоғары дең-гейін көрсетуі мүмкін.

45–60 жас аралығындағы респон-денттер де елеулі дәрежеде (49,9%) елдің барлық өңірінде заңсыз ойын орындары таралған деп санайды. Ал егде жастағы респонденттердің (61 және одан жоға-

өте жағымсыз әсер етеді, ал 87,9%-ы олардың жеке адамдардың өміріне зиян тигізетінін атап өтеді. Заңсыз құмар ойын қызметтерінің оң әсерін тек аз ғана бөлі-гі мойындайды. Сауалнамаға қатысқан-дардың тек 2,5%-ы мұндай қызметтердің қоғамға оң әсер ететінін, ал 2,4%-ы олар-дың адамдардың жеке өміріне жағымды ықпалын көретінін айтады. Бүгінде ха-лықтың басым бөлігі заңсыз құмар ойын-дарға байланысты қауіп-қатер мен теріс салдардың маңыздылығын түсінеді.

Сауалнама нәтижелері заңсыз құмар ойын сервистерінің әсерін қабылдауда жас ерекшеліктеріне байланысты айыр-машылық барын көрсетеді. Атап айтқанда, 30–60 жас аралығындағы респонденттер мұндай қызметтерді қоғам үшін теріс деп

**№48 кесте.** «Заңсыз ойын қызметтерінің (заңсыз онлайн-казино, қазақстандық лицензиясыз құмар ойындар және т. б.) қоғамға және адамдардың жеке өміріне әсерін нақты сол шкала бойынша бағалаңыз» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %


|                         | 1    | 2   | 3   | 4   | 5   | Жауап беруге қиналамын |
|-------------------------|------|-----|-----|-----|-----|------------------------|
| Қоғамға                 | 85,5 | 5,1 | 4,4 | 1,7 | 2,5 | 1,0                    |
| Адамдардың жеке өміріне | 87,9 | 4,2 | 3,3 | 1,6 | 2,4 | 0,8                    |

қабылдауға әлдеқайда бейім, бұл топта теріс қабылдау деңгейі 87,3%-дан 90%-ға дейін өзгереді. Бұл осы жас топтарының заңсыз құмар ойындарға қатысты мәселелер туралы жоғары деңгейдегі хабардарлығы мен алаңдаушылығын, сондай-ақ мұндай проблемалармен бетпе-бет келген тәжірибесін көрсетуі мүмкін.

Осы құбылысқа керісінше 18–29 жас аралығындағы жастар арасында заңсыз құмар ойын қызметтерінің әсерін салыстырмалы түрде оң бағалау байқалады. Бұл

лайша, 18–29 жас аралығындағы жастарды ақпараттық саясат аясында ерекше назарда ұстау қажет. Жастардың заңсыз құмар ойындарға деген қызығушылығын төмендету үшін қауіп-қатер мен осындай қызметтердің теріс әсерлерін түсіндіретін мақсатты ақпараттық кампанияларды ұйымдастыру қажет. Мұндай науқандар жасөспірімдер мен жастарға бағытталып, олардың болашақта осы тәуелділіктің зардабымен бетпе-бет келуінің алдын алуға баса назар аударуы керек.


**№9 диаграмма.** «Заңсыз ойын қызметтерінің (заңсыз онлайн-казино, қазақстандық лицензиясыз құмар ойындар және т. б.) қоғамға және адамдардың жеке өміріне әсерін нақты сол шкала бойынша бағалаңыз» деген сұраққа «қоғамға» жауабының бөлінісі, жас бөлінісінде, %



жас санатындағы респонденттердің 2,5%-дан 3,7%-ға дейін мұндай қызметтердің оң әсерін атап өтеді. Бұл көрсеткіш маңызды, себебі жастар көбінесе жарнама мен әлеуметтік ықпалға қатты осал болып келеді. Бұл олардың заңсыз құмар ойындардың қаупі мен зияны туралы жеткіліксіз хабардар екенін көрсетуі мүмкін. Осы-

Респонденттердің пікірінше, заңсыз құмар ойындарға қол жеткізу оңай. Сауалнамаға қатысқандардың 39,4%-ы қолжетімділіктің өте оңай екенін, ал 12,4%-ы «негізінен оңай» екенін атап өтті. 39,5%-ы ешқашан мұндай әрекетке бармағанын және бұл мәселе туралы хабарсыз екенін айтты. Құмар ойындарға қолжетімділік

**№10 диаграмма.** «Заңсыз ойын қызметтерінің (заңсыз онлайн-казино, қазақстандық лицензиясыз құмар ойындар және т. б.) қоғамға және адамдардың жеке өміріне әсерін нақты сол шкала бойынша бағалаңыз» деген сұраққа «адамдардың жеке өміріне» жауабының бөлінісі, жас бөлінісінде, %



«негізінен қиын» (2,2%) және «өте қиын» (2,5%) деп санайтындар сауалнамаға қатысушылардың аз бөлігін құрайды.

**№ 49 кесте.** «Заңсыз құмар ойындарға қол жеткізу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                     | %    |
|-------------------------------------|------|
| Өте оңай                            | 39,4 |
| Негізінен оңай                      | 12,4 |
| Негізінен қиын                      | 2,2  |
| Өте қиын                            | 2,5  |
| Білмеймін, ешқашан тырысып көрмедім | 39,5 |
| Жауап беруге қиналамын              | 4,2  |

Сауалнама нәтижелерін жас топтары бойынша талдау заңсыз құмар ойындарға қол жеткізудің оңай екеніне көбінесе 30–44 жас аралығындағы респонденттер сенімді екенін көрсетеді (44,2%). Сонымен қатар 14–17 жас аралығындағы респонденттердің 48,9%-ы осы мәселе туралы білмейтінін және ешқашан талпынып көрмегенін атап өткені назар аударуды қажет етеді.

Заңсыз құмар ойындарға қол жеткізудің оңай екеніне ең көп сенімділік Маңғыстау облысы (69%), Абай облысы (58,7%) және Жамбыл облысы (58,1%) респонденттері арасында байқалып отыр. Ал Атырау облысының респонденттері заң-

**№ 50 кесте.** «Заңсыз құмар ойындарға қол жеткізу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                                     | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан жоғары |
|-------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Өте оңай                            | 26,4      | 40,2      | 44,2      | 40,3      | 34,9                    |
| Негізінен оңай                      | 14,3      | 14,5      | 12,0      | 13,8      | 6,6                     |
| Негізінен қиын                      | 3,3       | 2,3       | 2,7       | 1,9       | 1,0                     |
| Өте қиын                            | 3,3       | 2,1       | 2,5       | 1,9       | 3,3                     |
| Білмеймін, ешқашан тырысып көрмедім | 48,9      | 37,5      | 34,8      | 37,2      | 49,3                    |
| Жауап беруге қиналамын              | 3,8       | 3,4       | 3,8       | 5,0       | 4,9                     |

сыз құмар ойындардың қолжетімділігін неғұрлым скептикалық түрде бағалайды: олардың 7,6%-ы мұндай ойындарға қол жеткізуді «өте қиын» деп санайды.

және шектеусіз ойнау мүмкіндігі (23,2%). Сонымен қатар кез келген уақытта және кез келген жерде қолжетімділік (22,0%) және мемлекеттің аз бақылауы (21,3%)

**№51 кесте.** «Заңсыз құмар ойындарға қол жеткізу қаншалықты оңай деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, өңірлер бөлінісінде, %

|                            | Өте оңай | Негізінен оңай | Негізінен қиын | Өте қиын | Білмеймін, ешқашан тырысып көрмедім | Жауап беруге қиналамын |
|----------------------------|----------|----------------|----------------|----------|-------------------------------------|------------------------|
| Маңғыстау облысы           | 69,0     | 14,1           | 4,2            | 1,4      | 9,9                                 | 1,4                    |
| Абай облысы                | 58,7     | 6,3            | 4,8            | 3,2      | 23,8                                | 3,2                    |
| Жамбыл облысы              | 58,1     | 14,5           | 3,4            | 3,4      | 17,9                                | 2,6                    |
| Батыс Қазақстан облысы     | 54,9     | 2,8            | 1,4            | 5,6      | 25,4                                | 9,9                    |
| Алматы қ.                  | 53,4     | 14,7           | 0,9            | 1,7      | 24,1                                | 5,2                    |
| Түркістан облысы           | 49,7     | 6,2            | 1,6            | 1,6      | 38,3                                | 2,6                    |
| Шымкент қ.                 | 39,3     | 20,5           | 6,3            | 5,4      | 27,7                                | 0,9                    |
| Атырау облысы              | 37,9     | 7,6            | 0              | 7,6      | 45,5                                | 1,5                    |
| Ұлытау облысы              | 36,4     | 18,2           | 4,5            | 4,5      | 13,6                                | 22,7                   |
| Қызылорда облысы           | 35,4     | 8,9            | 1,3            | 0,0      | 45,6                                | 8,9                    |
| Қостанай облысы            | 33,7     | 13,0           | 0,0            | 1,1      | 50,0                                | 2,2                    |
| Жетісу облысы              | 33,3     | 10,1           | 1,4            | 1,4      | 52,2                                | 1,4                    |
| Ақтөбе облысы              | 31,5     | 21,7           | 0              | 0        | 38,0                                | 8,7                    |
| Павлодар облысы            | 30,5     | 8,5            | 3,7            | 2,4      | 50,0                                | 4,9                    |
| Қарағанды облысы           | 29,5     | 14,8           | 3,3            | 0,8      | 48,4                                | 3,3                    |
| Астана қ.                  | 27,3     | 18,9           | 2,8            | 2,1      | 39,2                                | 9,8                    |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 26,7     | 11,7           | 1,7            | 0        | 60,0                                | 0                      |
| Ақмола облысы              | 25,0     | 21,4           | 2,4            | 2,4      | 45,2                                | 3,6                    |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 25,0     | 8,8            | 5,0            | 3,8      | 53,8                                | 3,8                    |
| Алматы облысы              | 19,3     | 4,0            | 0              | 4,0      | 72,0                                | 0,7                    |

Респонденттердің заңды құмар ойындардан гөрі заңсыз құмар ойындарды таңдауға итермелейтін факторлар туралы пікірлері әртүрлі болып шықты және олардың таңдауына әсер ететін түрлі аспектісін ашып көрсетеді. Заңсыз құмар ойындарды таңдауда маңызды рөл атқаратын негізгі факторлар мынадай: әлеуетті ұтыстың жоғары болуы (23,4%)

адамдарды заңсыз құмар ойындарды таңдауға итермелейтін негізгі себептердің бірі саналады. Елеулі факторлар қатарында қатысудың анонимдігі (10,7%) және салықтар мен алымдардың болмауы (9,3%) атап өтілді. Заңсыз құмар ойындарды таңдауға итермелейтін факторларды қабылдаудағы осындай айырмашылықтар заңсыз құмар ойындарға қатысудың қауіп-

қатері жайлы халықты ақпараттандырудың маңызды екенін және бақылауды күшейту қажет екенін айқындайды.

Респонденттердің жартысынан астамы (56,7%) заңды және заңсыз құмар ойындар мен бәс тігу жарнамаларын бір-бірінен ажырата алмайды. Бұл жарнама туралы хабардарлықтың төмен деңгейін

**№52 кесте.** «Заңды ойындармен салыстырғанда заңсыз құмар ойындарға адамдарды не тартады деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                             | %*   |
|-------------------------------------------------------------|------|
| Жоғары ықтималдығы бар ұтыстар                              | 23,4 |
| Шектеусіз ойнау мүмкіндігі                                  | 23,2 |
| Кез келген уақытта және кез келген жерде қолжетімділік      | 22,0 |
| Мемлекет тарапынан бақылаудың аздығы                        | 21,3 |
| Жауап беруге қиналамын                                      | 11,2 |
| Қатысудың анонимдігі                                        | 10,7 |
| Салықтар мен алымдардың болмауы                             | 9,3  |
| Аталғандардың бәрі                                          | 1,2  |
| Жеңіл ақша                                                  | 0,4  |
| Құмарлық сезімі                                             | 0,2  |
| Кедейлік                                                    | 0,1  |
| Мемлекеттік және күштік құрылымдармен байланысқысы келмейді | 0,1  |
| Адамдардың ақымақтығы                                       | 0,1  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

немесе заңды және заңсыз жарнамалар арасындағы айырмашылық анық емесін көрсетеді. Өз кезегінде, бұл құбылыс халық арасында заңсыз құмар ойын сервистерінің таралуына ықпал етуі мүмкін. Сауалнамаға қатысқандардың тек 21,3%-ы заңды жарнаманы заңсыз жарнамадан ажырата алатынына сенімді. 7%-ы жарнаманы көбіне ажырата алатынын айтса, 9,0%-ы сирек болса да, мұндай айырмашылықты байқай алатынын атап өткен.

**№53 кесте.** «Сіз заңды және заңсыз құмар ойындардың немесе бәс тігудің жарнамаларын ажырата аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                             | %    |
|-----------------------------|------|
| Ажырата алмаймын            | 56,7 |
| Иә, әрқашан ажырата аламын  | 21,3 |
| Сирек ажырата аламын        | 9,0  |
| Көп жағдайда ажырата аламын | 7,0  |
| Жауап беруге қиналамын      | 6,2  |

Жиналған деректі жас топтары бойынша талдау көрсеткендей, егде жастағы адамдар жастарға қарағанда заңсыз құмар ойындар жарнамасын тануда жиірек қиындыққа тап болады. Мысалы, 14–17 жас аралығындағы жастардың 26,9%-ы заңсыз құмар ойындар жарнамасын әрдайым ажырата алатынын айтса, 61 жас-тан асқан адамдар арасында бұл көрсеткішті тек 10,2% құрайды. Сонымен қатар 61 жас-тан асқан респонденттердің

**№54 кесте.** «Сіз заңды және заңсыз құмар ойындардың немесе бәс тігудің жарнамаларын ажырата аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жас бөлінісінде, %

|                             | 14–17 жас | 18–29 жас | 30–44 жас | 45–60 жас | 61 жас және одан да көп |
|-----------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------------------|
| Иә, әрқашан ажырата аламын  | 26,9      | 29,0      | 22,0      | 18,2      | 10,2                    |
| Көп жағдайда ажырата аламын | 8,8       | 8,5       | 7,0       | 6,7       | 3,9                     |
| Сирек ажырата аламын        | 8,8       | 11,5      | 8,7       | 8,8       | 6,6                     |
| Ажырата алмаймын            | 46,7      | 45,5      | 57,5      | 58,9      | 73,4                    |
| Жауап беруге қиналамын      | 8,8       | 5,5       | 4,8       | 7,5       | 5,9                     |

73,4%-ы заңсыз құмар ойындар жарнамасын ажырата алмайтынын мәлімдеді.

Заңсыз құмар ойындар жарнамаларын тану мүмкіндігіндегі айырмашылық жыныс бөлінісінде де байқалады. Осылайша, ерлердің 27,1%-ы заңды жарнаманы заңсыздан әрқашан ажырата алатынын айтса, әйелдер арасында бұл көрсеткішті небәрі 16,2% құрайды. Бұл ерлердің мұндай аспектілерді көбірек білуі немесе мұқият болуы мүмкін екенін көрсетеді, ал әйелдер заңды және заңсыз құмар ойындардың арасындағы қауіптер мен айырмашылықтарды азырақ білуі мүмкін.

**№11 диаграмма.** «Сіз заңды және заңсыз құмар ойындардың немесе бәс тігудің жарнамаларын ажырата аласыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, жыныс бөлінісінде, %



Респонденттерден заңсыз құмар ойындар жарнамаларын байқағанын есіне түсіріп көруі сұралды. Респонденттердің 34,7%-ы оны жиі байқайтынын, 15,4%-ы – кейде, 10,4%-ы – сирек, ал 34,9%-ы мұндай жарнаманы байқамайтынын атап өтті.

Құмар ойындарының жарнамасы жиі кездесетін платформалардың ішінде респонденттер әлеуметтік желілерді (63,9%), сайттар мен интернетті (58,1%) және мобильді қосымшаларды (25,2%) анықтады.

Одан бөлек заңсыз құмар ойындарының жарнамасын тарататын арналар арасында респонденттер мессенджерлерді

**№ 55 кесте.** «Интернеттен немесе басқа көздерден заңсыз құмар ойындардың (мысалы, онлайн-казино) жарнамаларын байқадыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                        | %    |
|------------------------|------|
| Ешқашан байқамадым     | 34,9 |
| Иә, жиі байқаймын      | 34,7 |
| Кейде байқаймын        | 15,4 |
| Сирек байқаймын        | 10,4 |
| Жауап беруге қиналамын | 4,6  |

**№56 кесте.** «Егер сіз заңсыз құмар ойындардың жарнамасын байқасаңыз, нақты қайда байқадыңыз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, % (бұл сұраққа заңсыз ойын бизнесінің жарнамасын байқаған респонденттер ғана жауап береді – 1209 респондент)

|                                                 | %    |
|-------------------------------------------------|------|
| Әлеуметтік желілерде                            | 63,9 |
| Интернеттегі сайттарда                          | 58,1 |
| Мобильді қосымшаларда                           | 25,2 |
| Мессенджерлерде (WhatsApp, Telegram және т. б.) | 9,0  |
| Көшедегі жарнама құралдарында                   | 5,7  |
| Телевидение арқылы                              | 5,1  |
| Электрондық пошта арқылы (спам)                 | 1,9  |
| Барлық жерде                                    | 1,2  |
| Радио арқылы                                    | 0,7  |
| Жауап беруге қиналамын                          | 0,5  |
| ТЖ вокзалы мен әуежайда                         | 0,1  |
| Дүкенде                                         | 0,1  |

\* Респондент бірнеше жауап нұсқасын таңдай алғандықтан сома 100%-ға тең емес

(9,0%), көшедегі жарнамаларды тарату құралдарын (5,7%) және телевидение (5,1%) атап өтті.

Респонденттердің көп бөлігі (61,7%) заңсыз құмар ойындарды жарнамалау мұндай ойындарға тартылғандар санының артуына айтарлықтай ықпал етеді деп

есептейді. Респонденттердің тағы 26,8%-ы «негізінен иә» деген жауапты таңдап, жарнаманың ықтимал әсері туралы пікір білдірді. Респонденттердің аз ғана бөлігі (3,1%) «жоқ, ықпал етпейді» нұсқасын таңдап, заңсыз құмар ойындарға қатысуға жарнаманың әсерін жоққа шығарады. Сондай-ақ респонденттердің 2,6%-ы жарнаманың әсер етпейтініне сенеді, бірақ аз сеніммен «негізінен жоқ» нұсқасын таңдайды.

Сонымен қатар өңірлер бөлінісінде де респонденттердің жауаптарында айырмашылық бар. Атырау облысындағы респонденттердің 83,7%-ы адамдарды заңсыз құмар ойындарға тартуда жарнама ықпалының жоғары екенін айтса, Қарағанды облысында респонденттердің 37,5%-ы ғана бұған сенеді. Ақмола об-

**№57 кесте.** «Заңсыз құмар ойындардың жарнамасы оларға қатысатын адамдардың артуына ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %  
(бұл сұраққа заңсыз ойын бизнесінің жарнамасын байқаған респонденттер ғана жауап береді – 1209 респондент)

|                                    | %    |
|------------------------------------|------|
| <b>Иә, айтарлықтай ықпал етеді</b> | 61,7 |
| <b>Негізінен иә</b>                | 26,8 |
| <b>Жауап беруге қиналамын</b>      | 5,9  |
| <b>Жоқ, ықпал етпейді</b>          | 3,1  |
| <b>Негізінен жоқ</b>               | 2,6  |

лысындағы респонденттердің 16,7%-ы жарнама заңсыз құмар ойындарға қатысатындар санының артуына ықпал етпейтініне келіседі.

**№58 кесте.** «Заңсыз құмар ойындардың жарнамасы оларға қатысатын адамдардың артуына ықпал етеді деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, өңірлер бөлінісінде, %

|                                   | <b>Иә, айтарлықтай ықпал етеді</b> | <b>Негізінен иә</b> | <b>Негізінен жоқ</b> | <b>Жоқ, ықпал етпейді</b> | <b>Жауап беруге қиналамын</b> |
|-----------------------------------|------------------------------------|---------------------|----------------------|---------------------------|-------------------------------|
| <b>Атырау облысы</b>              | 83,7                               | 11,6                | 0                    | 4,7                       | 0                             |
| <b>Жамбыл облысы</b>              | 72,7                               | 20,8                | 3,9                  | 2,6                       | 0                             |
| <b>Абай облысы</b>                | 69,8                               | 18,6                | 7,0                  | 0                         | 4,7                           |
| <b>Түркістан облысы</b>           | 67,9                               | 14,9                | 4,5                  | 3,0                       | 9,7                           |
| <b>Алматы облысы</b>              | 67,2                               | 23,9                | 0                    | 9,0                       | 0                             |
| <b>Алматы қ.</b>                  | 66,9                               | 21,9                | 2,0                  | 4,6                       | 4,6                           |
| <b>Жетісу облысы</b>              | 66,7                               | 16,7                | 5,6                  | 0                         | 11,1                          |
| <b>Маңғыстау облысы</b>           | 66,7                               | 27,5                | 2,9                  | 0                         | 2,9                           |
| <b>Шығыс Қазақстан облысы</b>     | 65,5                               | 27,3                | 0                    | 3,6                       | 3,6                           |
| <b>Ақмола облысы</b>              | 62,5                               | 20,8                | 0                    | 16,7                      | 0                             |
| <b>Шымкент қ.</b>                 | 61,8                               | 26,3                | 6,6                  | 1,3                       | 3,9                           |
| <b>Павлодар облысы</b>            | 60,5                               | 26,3                | 0                    | 0                         | 13,2                          |
| <b>Қызылорда облысы</b>           | 58,6                               | 27,6                | 0                    | 5,2                       | 8,6                           |
| <b>Астана қ.</b>                  | 57,9                               | 33,3                | 1,8                  | 0                         | 7,0                           |
| <b>Ұлытау облысы</b>              | 57,1                               | 35,7                | 0                    | 0                         | 7,1                           |
| <b>Батыс Қазақстан облысы</b>     | 55,3                               | 31,9                | 2,1                  | 0                         | 10,6                          |
| <b>Ақтөбе облысы</b>              | 50                                 | 34,0                | 0                    | 0                         | 16,0                          |
| <b>Солтүстік Қазақстан облысы</b> | 45,5                               | 39,4                | 9,1                  | 3,0                       | 3,0                           |
| <b>Қостанай облысы</b>            | 43,9                               | 45,6                | 3,5                  | 3,5                       | 3,5                           |
| <b>Қарағанды облысы</b>           | 37,5                               | 50                  | 0                    | 3,8                       | 8,8                           |

Респонденттердің басым көбі (84,2%) қаржылық пирамидаларға ешқашан қатыспағанын атап өтті. 9,9%-ы өзі қатыспағанын, бірақ мұндай ұсыныстар алып жүргенін айтты. Респонденттердің 5,3%-ы пирамидаларға қатысса, олардың 3,6%-ы оның қаржылық пирамида екенін білмеген.

**№59 кесте.** «Сіз қаржы пирамидаларына қатыстыңыз ба?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %

|                                                            | %    |
|------------------------------------------------------------|------|
| Жоқ, ешқашан                                               | 84,2 |
| Жоқ, бірақ ондай ұсыныстар алдым                           | 9,9  |
| Иә, қатыстым, бірақ оның қаржылық пирамида екенін білмедім | 3,6  |
| Иә, қатыстым және оның қаржылық пирамида екенін білдім     | 1,7  |
| Жауап беруге қиналамын                                     | 0,6  |

мақсатты жұмыс қажет екенін көрсетеді. Бұл ретте қаржылық пирамидаларға қатысу туралы ұсыныстарды түрлі жас тобындағылар алып жүр, бірақ көбіне оларды 45 пен 60 жас (13,2%) және 30-дан 44 жасқа дейінгі (12,5%) респонденттер алады.

